лом, сложнее всего победить террористические организации, которые идеологически опираются на религию – с «светскими» террористами (например, националистами, анархистами, неонацистами, коммунистами и пр.) государствам справиться заметно проще. «Религиозные» террористы чаще всего появляются в «бедных» государствах мира, в свою очередь, «богатые» государства чаще порождают «светских» террористов. В целом государства мира смогли уничтожить 62% террористических структур – для «религиозных» террористов этот показатель составляет лишь 32%. В то же время «религиозные» террористы ещё ни разу не смогли добиться политической победы. Шансы на победу больше у террористических группировок, обладающих большим количеством членов. Чем более многочисленна террористическая структура, тем больше шансов, что она избегнет уничтожения, добровольно не откажется от насилия и будет существовать долгое время. Шансы на победу террористов возрастают, если последние переходят к партизанской тактике». И эти обстоятельства необходимо учитывать любому государству при противодействии экстремизму и религиозному терроризму.

Религиозный экстремизм в Казахстане выступает явлением, которое масштабно не проявилось. На территории нашего государства нет внутренних предпосылок для террористических и экстремистских проявлений по причине отсутствия социальной и политической базы, чему способствует взвешенная политика, проводимая руководством нашей страны. На сегодняшний день можно сказать определенно, что в Казахстане выработан целый комплекс мер по противодействию терроризму. Конституцией нашей Республики запрещены создание и деятельность общественных объединений, цели и действия которых направлены на насильственное изменение конституционного строя, нарушение целостности республики, подрыв безопасности государства, разжигание социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни, а также создание не предусмотренных законодательством военизированных формирований. Создана солидная законодательная база по противодействию терроризму, экстремизму; подписаны ряд международных договоров, соглашений в области борьбы с терроризмом.

Тем не менее, ситуацию нельзя рассматривать однозначно. Сложившиеся государственно-конфессиональные отношения характеризуются рядом тенденций и проблем, требующих внимательного рассмотрения и решения.

### Литература

- 1 [rusazattyg.org/ahmadyacomunityclosing](http://rusazattyg.org/ahmadyacomunityclosing)
- 2 <https://ru.wikipedia.org/wiki/Ahmadie>
- 3 Артемьев А.И. Религиоведение. – Алматы: Бастау, 2002. – 572 с.
- 4 Сандыбаев Ж., Иманбаев М. и др. Будь осторожен: ИГИЛ. – Астана. 2016. – 84 с.
- 5 Политическая психология. / под общ. ред. А.А. Деркача, В.И. Жукова. – М., 2012.
- 6 Пластун В.Н. Деятельность экстремистских сил и организаций в странах Востока. – М., 2005.

### References

- 1 [rusazattyg.org/ahmadyacomunityclosing](http://rusazattyg.org/ahmadyacomunityclosing)
- 2 <https://ru.wikipedia.org/wiki/Ahmadie>
- 3 Artem'ev A.I. Religiovedenie. – Almaty: Bastau, 2002. – 572 s.
- 4 Sandybaev Zh., Imanbaev M. i dr. Bud' ostorozhen: IGIL. – Astana. 2016. – 84 s.
- 5 Politicheskaja psihologija. / pod obshh. red. A.A. Derkacha, V.I. Zhukova. – M., 2012.
- 6 Plastun V.N. Dejatel'nost' jekstremistskih sil i organizacij v stranah Vostoka. – M., 2005.



Бейсенов Б.Қ., Игисенова А.Р.  
**Заманауи әлем және жаһандық қауіпсіздік**

Қазіргі әлемдегі діни және ұлттық негіздегі қақтығыстарды шешудің бір жолы – бұл жалпыадамзаттық рухани және әдептілік құндылықтар мен мұраттарды насихаттау. Қазіргі Еуропа елдеріндегі мигранттар мен босқындар мәселесі, Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы жанжалдар алпауыт елдердің геосаяси және геоэкономикалық мүдделер қақтығысынан туындауда. Түйткілді және даулы мәселелерді шешудің ұтымды жолы теңдік пен шынайы әріптестік қағидаты болуы тиіс.

**Түйін сөздер:** адамзат, секуляризм, дін, дінтану, конфессияаралық диалог, төзімділік, зайырлылық, терроризм, мигранттар және т.б.

---

Beysenov B.K. Igisenova A.R.  
**Modern world and global security**

One of the main ways of resolving conflicts on religious and ethnic grounds in the world today – the cultivation and promotion of human spiritual and moral values and ideals. Modern problems and conflicts of migrants and refugees in Europe, North Africa and the Middle East, the result of geopolitical and geo-economic interests of certain countries. In connection with the situation one of the best ways to solve modern problems can be real equality and parity cooperation all sides.

**Key words:** humanity, secularism, religion, religious, interfaith dialogue, tolerance, secularism, terrorism, migrant.

---

Бейсенов Б.Қ., Игисенова А.Р.  
**Современный мир и глобальная безопасность**

Один из основных путей решения конфликтов на религиозной и этнической основе в современном мире – культивирование и пропаганда общечеловеческих духовных и нравственных ценностей и идеалов. Современные проблемы и конфликты мигрантов и беженцев в странах Европы, Северной Африки и на Ближнем Востоке возникли в результате геополитических и геоэкономических интересов определенных стран. В связи со сложившейся ситуацией одним из оптимальных путей решения современных проблем может стать реальное равноправие и паритетное сотрудничество всех сторон.

**Ключевые слова:** человечество, секуляризм, религия, религиоведение, межконфессиональный диалог, толерантность, светскость, терроризм, мигранты.

## **ЗАМАНАУИ ӘЛЕМ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК**

XXI ғасырда адамзат жаһандық өркениеттің жаңа шыңына аяқ басты. Жаңа ғасыр адамзатқа ортақ өркениетті мәдениетаралық, дінаралық келісімдер және тең құқылы өзара әріптестік негізінде ғана дамытуға болатындығын айқындап отыр. Жаһандық сын-қатерлер (саяси оқшалау, экономикалық санкциялар, сауда жанжалдары, ақпарақтық-гибридті соғыстар, түрлі фобиялар, лаңкестік, әлемнің саяси картасын жаңадан қарауға талпыныс, геосаяси және геоэкономикалық мүдделер қақтығысы, империялық пиғылдардың қайта оянуы, дінаралық текетірестер, босқындар мен мигранттар мәселесі) адамзаттың бүгінгі мен болашағына қатер төндіретіні анық. Еуропа елдеріндегі мигранттардың тасқыны антимигранттық көңіл-күйді тудыруда. Діни және ұлттық ерекшеліктер әрі өмір салтық ұстанымдардың айырмашылығы қоғамдық психологияда түсінбеушіліктің көрініс беруіне түрткі болуда. Сондықтан қазіргі кезде туындаған мәселелерді бейбіт шешу жолдарын іздеу маңызды. Қазақ елінің бастамасымен өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері мәдениеттер мен халықтар арасында түсіністік философиясын қалыптастыру мен дамыту жолын айқындап берді. Қазақстан-2050 Стратегиясында «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін артықшылықтарды да пайдалануымыз керек. Осы әңгімелесу алаңының базасында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасауымыз қажет.

Біз діни және этностық дауларды шешу үшін аймақтағы ыстық нүктелерде, Үлкен Таяу Шығыс аясында, тіпті одан да ауқымды деңгейде арағайындық жасауға дайын болуымыз керек» діни дауларды бейбіт жолмен шешу жолы ұсынылған болатын» [1].

Діндердің рухани әлеуеті мен діни лидерлердің беделін түрлі келіспеушіліктер мен кикілжіңдерді шешу жолына бағыттауға болатындығын уақыт көрсетіп отыр. Заманауи әлемде дінаралық және конфессияаралық сұқбат адамзатты ортақ құндылықтар негізінде көкейкесті мәселелерді бейбіт жолмен шешуге жол ашады. Қазіргі таңда діндес халықтар арасында ақидалық және мазхабтық айырмашылықтар діни алауыздыққа себеп болуда. Ислам діни тұрғысынан Құран мен сүннет негізінде шығарылған үкімдер мен көзқарастар жүйесі

мазхабты құрайды. Қазіргі таңда сүнниттік төрт мазхаб пен шииттік қалыпты мектептер Құран мен сүннет құндылығын ұстанады. 2005 жылы шілде айында Амман қаласында өткен «Шынайы ислам және оның заманауи қоғамдағы рөлі» атты конференцияда түрлі исламдық бағыттар мен ағымдарды өзара сұқбат пен төзімділікке шақырған үндеу қабылданған болатын. Ислам әлемдік дін ретінде әлемнің түрлі ұлттары мен ұлыстарының мәдениеті мен дүниетанымдық, өмір бағдарлық және жүріс-тұрыс, мінез-құлық ұстанымдарының, бағыт-бағдарының негізінде жатыр. Ислам барша адамзатқа рақымшылықпен жіберілген. Ислам құндылықтары мен тәлімдері әлемнің 2 миллиардқа жуық мұсылмандарына ортақ. Ислам діні барша адамзатқа жіберілгендіктен, ислам құндылықтары жалпыадамзаттық құндылықтармен үндес. Бейбітшілік пен рақымшылық, тазалық пен инабаттылық, мейірімділік пен кішіпейілдік, мәрттік пен адалдық мұраттары ислам дінінің адамзат үшін бейбітшілік пен тыныштық діні болғандығын көрсетеді.

Ислам нәсілшілдік, әсіресе, ұлтшылдық және кемсітушілікті, зорлық-зомбылықты қабылдамайды. Ислам ілімін түрлі«-измдер» аясында қарастыруға болмайды. Ислам адамдарды нәсілі мен ұлты, атақ-дәрежесі мен шығу тегіне қарап емес, адамның тақуалығы мен көркем мінезі, рухани кемелдігі және әдебіне қарап таразылайды. Қарапайымдылық және қайырымдылық, жомарттық және таза имандылық ислам дінінің мәні. Ислам негізінде тәлім-тәрбие алған мұсылман қарым-қатынастарда ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, сабырлық және шыдамдылық танытады. Ислам қауымы орта жолды ұстанатын қауым. Исламда адамдар арасында әділдік пен кешірімділік қарым-қатынас қағидаты сақталуы айтылады.

Қазақстандағы діни жағдайды сараптайтын болсақ, Мәңгілік Ел халқының басым бөлігін мұсылмандар мен христиандықтың православие, католик, протестант бағытын және иудей дінін ұстанатындар құрайды. Ел тәуелсіздігінің алдында елімізде 68 ғана мешіт болса, қазіргі кезде мешіттердің саны 2400-ден асқан. 2012 жылы ел аумағындағы 28 діни оқу орындарының 13 қайта тіркеуден өтті. Сондай-ақ мұсылмандық діни оқу орындары Имамдардың білімін жетілдіру институты, «Нұр» ислам мәдениеті университеті және 2 республикалық, аймақтарда 7 медресе жұмыс жасайды. Еліміздің имамдары Түркияның «Хасеки» діни біліктілікті жетілдіру академиясында білімдерін жетілдіруде. Алматы қаласында православиелік бағыттың епархиалды

діни семинариясы дін қызметшілерін дайындайды. Православиелік ғибадатханалардың саны өсуде, 2010 жылы қаңтар айында Астанада Орталық Азиядағы ең үлкен Свято-Успенск кафедралды соборы ашылды. Аталған шіркеудің ашылуына Мәскеу және Бүкіл Ресей патриархы Кирилл қатысты. Ресей патриархы қазақ елінің ұлттық ерекшелігі қонақжайлығына ерекше баға бере отырып, қазақ халқының мейірімділігінің арқасында түрлі ұлттардың осы қасиетті жерде бейбіт өмір сүруіне кепіл болғанын айтты.

Ұлы Дала өркениеті ұстанған Мәңгілік ел идеясы түрлі ұлыстар мен діндерді бір шаңыраққа топтастыра білді.

Еліміздегі дәстүрлі діндер арасында жақсы байланыс орнаған. Қазақстанда дінаралық келісім мен ұлтаралық тұрақтылықтың сақталуына дәстүрлі діндер құндылықтарының жалпыадамзаттық әлеуетіне көңіл аударылуы тиіс. Қазақстандағы 18 конфессия өкілдері және 100-ден аса этнос өкілдерінің барлығы жұмыла бір мақсатқа, яғни тәуелсіз қазақ елінің гүлденіп өркендеуіне қызмет етуі тиіс. Еліміздегі тіркелген дәстүрлі діни бірлестіктердің басшылары қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға өз беделдерін барынша пайдалана отырып және сол діни бірлестік мүшелеріне осы ортақ мұратқа адал болуға шақыру керек. Діни бірлестіктер Ата Заңымыздың талаптарын бұлжытпай орындауға және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауы қажет. Діни бірлестіктер мемлекетті құраушы қазақ ұлтының мәдениеті, тарихы мен салт-дәстүрлеріне сыйластық қатынас көрсетуі тиіс. Діни бірлестіктердің жүргізетін насихат жұмысы мен уағыздары дінаралық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне негізделіп, діни төзімділік ұстанымдарына беріктік таныту керек. Діни уағызбен тек арнайы рұқсаты бар білікті дін ұстаздары айналысуы тиіс. Қазақстан зайырлы ел болғандықтан дәстүрлі діндердің саясилануы ұлттық қауіпсіздігіміз бен қоғамдық сана мен өмірге кері әсерін тигізуі мүмкін. Дәстүрлі діндердің қызмет аясы тәлім-тәрбиелік және руханият саласымен шектелуі тиіс.

Еліміздегі дәстүрлі діндердің басшылық қызметкерлері міндетті түрде ел азаматы болуы тиіс. Сондай-ақ діни бірлестіктердің қаржыландыру көздері бақылауда ұсталуы тиіс. Еліміздегі мешіт-медреселерде және шіркеулерде қызмет істеп жатқан дін ұстаздарының діни білімі мен өмір деректері мұқият сарапталуы тиіс. Шетелдерге діни білім алуға ұмтылатын жастарымыздың қатары көбейіп отырғандықтан, олардың дүниетанымы қалыптасып, діни білі-



мі жеткілікті деңгейде толыққаннан кейін ғана, бакалавр не магистр дәрежесін алған арнайы іріктеуден өткен қабілетті жастарды шетелдерге діни оқу орындарына жіберілгені жөн. Діни оқу орындарында оқитын жастарымызға ұлттық мәдениет пен салт-дәстүріміз, ұлт философиясы мен психологиясы, ділі туралы жан-жақты білім беруге ерекше көңіл аудара отырып, жастар бойында діни біліммен қатар, болашақ дін қызметкерлерге зайырлы білімнің қазіргі жетістіктері туралы терең түсініктер қалыптастыру заман талабы. Имамдардың құқық, философия, дінтану, тарих мамандықтары бойынша екінші білім алғаны жөн. Діндар жастарға діндарлықтың сыртқы көріністе емес, шынайы діндарлық пен тақуалық – бұл адамның рухани дүниесінің байлығымен айқындалатынына, яғни форма мен мазмұнның сәйкестігі екендігін түсіндіру. Бұрынғы кеңес одағында зайырлылық жүйесі 1918 жылы Халық комиссарлары кеңесінің «шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі туралы» декретінде бекітілген еді. 1922 жылы БКП-ның Орталық комитеті жанынан дінге қарсы орталық ашылып, оны Бас саяси басқарманың алтыншы бөлімі қадағалады. 1922 жылы «Ғылым және дін» газеті жарыққа шықты. 1925 жылы Құдайсыздар қоғамы құрылды. 1954 жылы КОКП-ның ғылыми-атеистік насихатты күшейту туралы қаулысы шықты. Кеңестік заманда коммунистік идеология жастарда атеистік сана қалыптастыру үшін жоғары оқу орындарында «Ғылыми атеизм» пәнін оқытты. 1959 жылы ММУ-дің философия факультетінде діндер және атеизм тарихы мен теориясы кафедрасы ашылды. 1960-70 жылдары жоғары және арнаулы орта білім беру орындарында ғылыми атеизм кафедралары құрылды. 1964 жылы КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясында ғылыми атеизм институты ашылды. КСРО білім беру жүйесінде жоғары аттестациялық комитеті ғылым атеизм және діндер тарихы мамандығы бекітілді. Ғылыми атеизм және діндер тарихы мен теориясы бойынша ғылыми мақалалар КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясының «Вопросы научного атеизма», КСРО ҒА тарих институтының «Вопросы истории религии и атеизма» басылымдары және «Наука и жизнь», «Наука и религия» журналдарында жарық көрді. Кеңестік замандағы ғылыми ізденістер дінтанудың теориялық мәселелері, діннің әлеуметтік қызметі мен рөлі, діннің танымдық тамырлары, еркін ой, дін философиясы, дін социологиясы мен психологиясы, атеистік тәр-

бие мен атеистік үгіт-насихат жүргізу әдістерін қамтыды. КСРО-ның мерзімді баспасөз беттерінде атеизм бұрышы тұрақты айдары болды. 1996 жылы ММУ-де дінтану мамандығы ашылды. Бүгінде Ресейдің 40-қа жуық білім беру орындары мен ғылыми орталықтарында дінтану бөлімшелері жұмыс жасайды. 2006 жылы Ресейде дінтану оқытушыларының қауымдастығы құрылды. Мемлекетімізде зайырлылық қағидаты 1995 жылы қабылданған Ата Заңымызда және 2011 жылғы діни қызмет туралы заңда бекітілген. Зайырлылық қағидаты азаматтың, халықтың, мәдениеттің және қазіргі білім берудің ұстанымы болу керек. Руханилық бұл болашақ ұрпақтың үйлесімді дамуының кепілі болуы керек. Сондай-ақ ол халықтың руханиятымен тығыз байланысты. Парасаттылық, имандылық, дәстүр, тіл, дін, діл, отансүйгіштік бүгінгі білім берудің негізгі ұстанымы. Зайырлылық – ар-ождан бостандығы және төзімділік сынды ұғымдармен тығыз байланысты. Зайырлылық қағидаты дүниетанымдық, ұлтаралық және дінаралық төзімділік мәдениетінің тұғыры. Қазіргі мектепте рухани-адамгершілік тәрбие ісі білім беру жүйесін ізгілендірумен байланысты. Дін туралы білім бұл дін тарихы, діни сенімдер мен ілімдер жүйесі туралы білім беру болып табылады. Дінтану жастардың діни санасын дәстүрлі негізде қалыптастыру және бірегейлендіру жолына қызмет етуі тиіс. Дінтану жастардың аналитикалық және синтетикалық қабілетін қалыптастырып, дәстүрден тыс және радикалды ағымдарға қатысты сыни ойлауға дағдыландыруы қажет.

Бүгінгі білімді азамат дін мен оның құндылықтары туралы білуі тиіс. Дінтану адам және қоғам туралы ғылымдармен тығыз бойланысты. Дінтану пәнін оқытуда дінді ғылыми тұрғыда түсіндіруге мән берілуі керек.

Елімізде 1991 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетінде дінтану мамандығы, 1999 жылы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің философия және ғылым методологиясы кафедрасы негізінде дінтану мамандығы ашылды. ҚазҰУ-де дінтану сериясы бойынша ғылыми басылым жарық көреді. Заман талабына сай жоғары білікті мамандар дайындау мақсатына сай дін социологиясы, дін психологиясы, діндер тарихы мен философиясы кафедраларын ашқан жөн. 2000 жылдары Шымкент қаласында Қазақ-Кувейт және Қазақ-Араб университеттерінде дінтану бөлімдері ашылған болатын. 2003 жылы Нұр-Мұбарак Мысыр ислам

мәдениеті университетінде дінтану мамандығы ашылды. Қазіргі кезде дінтанушылар Еуразия Ұлттық университетінде, Қарағанды мемлекеттік университетінде, Шет тілдері және іскерлік карьера университетінде даярлануда. Еліміздің исламтанушы мамандары мен имамдары білім алған оқу орындары – Бұхарадағы Мир-араб медресесі, имам Бұхари атындағы Ташкент ислам университеті, Нұр-Мұбарак Мысыр ислам мәдениеті университеті, әл-Азхар университеті, Түркия, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Йемен, Ливия университеттері мен еліміздегі медреселер. Шет елдерде діни білім алғандар үшін еліміздің оқу орындарында екінші білім алғандары жөн.

Қазақ елінің дінаралық келісімді ардақтайтын ұстанымы алуан түрлі өркениеттер мен мәдениеттер үшін үлгі болып отырғандығы Рим Папасы мен ОПШ Патриархының мың жылдан кейінгі тарихи кездесуі дәлелдеді. Қазіргі христиандық универсализмнің мәні – христиандық мәдениет аясында ортақ құндылықтарды ұстану. Христиандықтың негізгі үш бағыты Қасиетті Жазба мен Қасиетті Мирасты ортақ киелі мұра ретінде қадірлейді. Иудейлік ағымдарды Тәурат пен Талмуд аясында қалыптасқан ұлттық діни сана біріктіреді. Буддистік мектептер Трипитака мен Будданың өсиеттерімен ұйысады. Ислам әлемі Құран мен сүнна негізінде бірігеді. Адамзаттың өткен тарихында және бүгінгі өмірінде діни бірегейлік маңызды рөл атқаруда.

2016 жылы ақпанда Гавана қаласында Мәскеу және Бүкіл Ресей патриархы Кирилл және Рим папасы Франциск арасында мың жылдан кейінгі тарихи кездесуі екі шіркеу басшыларының латын Америкасына жасаған пастырлық сапарына тұспа-тұс келді. Қазіргі христиандық мәдениетті ұстанатын елдер ортақ христиандық құндылықтар негізінде бірігуге назар аудары бастады. Батыс әлемінің саяси және діни қайраткерлері христиан мәдениетінің тарихи түп-тамыры мен құндылықтары осы сенімді ұстанатын әлем халықтары үшін ортақ рухани мұра екендігін алға тартуда.

Ислам ілімі ізгілік пен рақымдылықты ұстанады. Ислам мәдениетін ұстанатын елдер озық технологиялар мен техника жетістіктерін игеруі үшін өзара ынтымақта болуы шарт. Исламның қайырымдылық пен рақымдылық құндылығына радикалды әсіре діншілдік идеология нұқсан келтіруде. Бейбітшілік діні-Ислам ілімін түрлі «измдер» аясында қарастыру дінді дұрыс түсінуге кедергі келтіреді. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы, Ауғанстан, Сомали, Нигерия сынды елдердегі ДАИШ,

Джабхат Нусра, Талибан (бұл ұйымдарға Қазақстанда тыйым салынған), Боко Харам, Аш-Шабаб, және т.б. ірілі-ұсақ лаңкестік ұйымдар төрткүл дүниенің тыныштығына қауіп төндіріп отыр. Радикалды топтардың терминологиясы – жиһад, хиджра, халифат, такфир – (күпірмен айыптау), крестшілер, жахилийя (қараңғылық пен нағандық заманы), тағут – (пұтқа табынушылық), ширк – (серік қосушылық), бидғат – (дінге жаңалық қосушылық), муртад – (діннен шығу), мүшрік – (серік қосушылар), мұнафиқ – (екіжүзділік), кәпір – (дінсіздік). Радикал әсіре діншілдердің идеологиясы – зайырлы билікті құлату, шектен шығу мен діни төзімсіздік. Дінде шектен шығу адасуға бастайтын жол. Қазіргі кезде радикалшыл діни топтардың жетегінде кетпеу үшін олардың ресми идеологиясы мен терминологиясына талдаулар жасау керек. Заманауи өркениетаралық сұқбат ең алдымен кешірім мен рақымдылықтан басталады. Батыс пен Шығыс шіркеу басшыларының тарихи кездесуі түрлі сенімдік және ғұрыптық, мектептік, идеологиялық бағыттарға бөлінген ислам өркениетінің өзара дұрдараз елдеріне үлгі боларлықтай. Кейбір мұсылман елдерінің модернизм мен жаңа технологиядан бас тартуы, өзара ымыраға келмеуімен бөлінуі ислам өркениетінің жаңа технологиялық заман көшіне ілесе алмауына себеп болуда. Халықаралық лаңкестік – ХХІ ғасырдағы адамзат тағдырына төнген қауіп-қатер. Террор – бұл үрей мен қорқыныш жолымен қоғамдық сана мен қоғамдық психологияға әсер ету. Террор – зорлық пен күш көрсету арқылы мақсатқа жету және қоғамдық пікір тудыру. Терроршылардың идеологиялық ұстанымы үрей мен қорқыту жолымен діндер мен өркениеттер арасында сенімсіздік пен өшпенділік отын жағу. Адамзат тарихында террорлық әрекет уақыт пен кеңістік аясында әр қилы пішін мен мазмұнда болды. Адамзат тарихында террор ұлттық, діни, саяси, экономикалық, әскери мүдделерге жету жолында пайдаланылды. ХХ ғасырдың басындағы социалистік бағыттағы төңкерістер салдарынан ақ террор мен қызыл террор миллиондаған қарапайым адамдардың өмірін жалмады. Қазіргі алмағайып заманда террор – алпауыт елдердің геосаяси және геоэкономикалық мүдделерінің шиеленісуі нәтижесінде ықпал жасау мен қоқан-лоққы көрсетудің жаңа құралына айнала бастады. Терроризм идеологиясы және террорлық әрекет индивидуалды және топтық түрімен ерекшеленеді. 2011 жылы Норвегияның Утейа аралында Андерс Беринг Брейвиктің террорлық әрекеті, 2016 жылы 14 шілдеде Ниццада және

19 желтоқсанда Берлиндегі рождестволық жәрменкедегі жүк көліктерімен жасалған террорлық шабуылдар, Стамбулдағы түнгі клубтағы жаңа жыл кешіндегі террорлық қылмыс индивидуалды әрекеттер санатында. Бұл қылмыстар батыс мәдениетінің мәнді объектілеріне қарсы бағытталды. Топтық террорлық әрекеттер көбіне Таяу Шығыс пен Ауғанстандағы әскери және инфрақұрылымдық объектілерге қарсы жасалады. Шартты түрде террорлық әрекеттерді таяу шығыстық және батыстық деп бөледі. Біріншісі – жарылыс заттармен әскери объектілерге қарсы бағытталады, екіншісі – қоғамдық орындарда жасалады. Террорлық әрекеттерді ұйымдастырушы және орындаушы бірлесе отырып іске асырады. Сонымен қатар, террорлық қылмысқа үйретуші инструкторлардың таяу шығыстық және батыстық түрлері бар. Көптеген елдер халықаралық терроризм қауіп-қатерінен сақтану шараларын қолға ала бастады. 2016 жылы Ресейде Мемлекеттік Дума депутаты И. Яроваяның ұсынған заң жобасында әлеуметтік желілер, пошталық сервистер, мессенджерлер, жаңалық порталдары, онлайн-дүкендер – видео жазбалардың, бейнелердің, мәтіндік хабарламалардың, дауыс файлдарының берілуі мен өңделуі туралы ақпараттарды сақтауға міндетті. 2016 жылы Германия жастарының радикализациялануының алдын алу мақсатында «Таза дін» салафиилік қозғалысы жабылды. Сондай-ақ, 2012 жылы тыйым салынған Millatu Ibrahim тобының филиалдары Islamische Audios пен An-Nussrah және DawaFFM ұйымына тыйым салынды. Аталмыш ұйымның 140 мүшесі Сирия және Ирактағы соғыс қимылдарына қатысқан. Конституцияны қорғау бойынша органның мәліметі бойынша, Германияда 9200 жуық әсіре діншіл радикалдар бар. Қазіргі кезде бұл ұйымдардың қаржыландыру көздері іздестірілуде. 2013 жылғы деректер бойынша Германияда 42500 аса потенциалды экстремистер бақылауға алынған.

2016 жылы Лондон экономика және әлем институты ұсынған жаһандық терроризм индексі (The global terrorism index) әлемнің 163 еліндегі ахуалды қамтыған. Бұл зерттеу 2000-2015 жылдардағы халықаралық қауіпсіздік саласындағы өзгерістер мен үрдістерді талдауға арналған. Терроризмнің факторлары қатарында

саяси қуғын-сүргін, зорлық-зомбылық, нақты мемлекеттердің ішкі және сыртқы қақтығыстарға қатысуы аталған. Бұл индексте террорлық оқиғалардың саны, материалдық шығын, қаза болғандар мен жапа шеккендер саны, террорлық әрекетке ықпал етуші жанама факторлар назарға алынған. 2014 жылы 27 мемлекет, 2015 жылы 23 ел террорлық әрекеттен зардап шеккен. Террорлық қылмыстың 74% ДАИШ, Талибан, әл-Каеда (аталған ұйымдар Қазақстанда тыйым салынған), Боко-Харам террорлық ұйымдары жасаған. Терроризм – саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни, сепаратистік мақсаттарына жету үшін күш қолдану мен қорқытып үрейлендіруге ұмтылатын заңнан тыс ұйымдардың қожан-лоққысы немесе нақты зомбылықты іске асыруы. Діни идеологиямен біріккен радикалды топтың ұйымдасқан әрекеттері бейбіт өмірге қауіп төндіруде. Жасанды діни құндылықтарды (таза ислам, халифат, имамат, жиһад) бүркемелену жолымен ілімдері мен әрекеттерін ақтауға тырысатын ұйымдар шынайы адамзаттық және діни мұраттарды тәрк етеді. Бір дін аясындағы сүннит пен шиит, протестант-католик, православ-католиктік кикілжіндер, Таяу Шығыстағы мұсылмандар мен иудейлер, Үндістандағы индуистер мен мұсылмандар, Бирма, Шри-Ланка, Филиппин елдеріндегі дінаралық қақтығыстар терроризмнің діни түрткілері туралы зерделеуге негіз болады. Елбасы «Әлем. XXI ғасыр» манифесінде лаңкестік дертін барша адамзат баласы бірлесіп жеңуге болатындығын атап көрсетті. «ИЫҰ мүше мемлекеттерді Ислам әлеміндегі татуласу үдерісін қолдауға және оны таяу жылдардағы ислам үмбетінің жаңа саяси тұғырнамасы ретінде қарастыруға шақырамыз» [2]. Қазақстан 2017-2018 жылдары – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесіне сайланды. «Осы шешім арқылы Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстан Республикасының бейбітшілік сүйгіш көп векторлы саясатына жоғары бағасын бері отыр» [3]. Еліміз БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің – Ауғанстан мәселелері, ДАИШ және әл-Каеда террорлық ұйымдарына қарсы күресті үйлестіру, Эритрея-Сомали сынды тұрақты комитеттері жұмысына төрағалық жасайды. Адамзаттың түйткілді мәселелері өзара түсіністік пен теңдік, әріптестік пен өзара ықпалдастық негізінде шешілуі тиіс.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. – 2012. – 15 желтоқсан.
- 2 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен ТР Президенті Р.Т. Ердоғанның ислам әлеміндегі татуластық жөніндегі бірлескен декларациясы. // Егемен Қазақстан. – 2016, 14 сәуір. – Б. 2.
- 3 Әшімбаев М. Бұл – халықаралық қоғамдастықтың жоғары сенімі // Егемен Қазақстан. – 2017. – 1 қаңтар.

### References

- 1 Kazakstan-2050 Strategiyasy' kaly'ptaskan memlekettin zhana sayasi bagy'ty'. Egemen Kazakstan. 2012. –15 zheltoksan.
- 2 KR Prezidenti N.A. Nazarbaev pen TR Prezidenti R.T. Erdoganny'n islam alemindegi tatulasty'k zhonindegi birlesken deklaraciya'y'. // Egemen Kazakstan. – 2016, 14 sauir. – B. 2.
- 3 Ashimbaev M. Bul – haly'karaly'k qogamdasty'kty'n zhogary' senimi. // Egemen Kazakstan. 2017. – 1 kantar.



Әлмұхамедов А.Р.,  
Нысаналиев Ж., Дуанаева Ш.Е.

### **Зайырлы мемлекеттегі діннің рөлі**

Дін – қандай да болмасын қоғамның біте қайнасып жатқан құбылысы екені анық. Діні бар қоғамның дінді ұстанушы азаматтары да болады. Мақала зайырлылық туралы норманың Қазақстандағы мемлекет пен конфессия арасындағы қарым-қатынас саласында іс жүзінде бейнеленетінін ашып көрсетуді міндет етеді. Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастың басты сипаттамасы – елімізде қандай да бір ресми немесе міндетті діннің болмауында. Ол дегеніміз еліміз қоғамдағы кез келген құндылықты қолдайды және тұлғаның ар-ождан бостандығы мен діни сенім еркіндігін қамтамасыз етеді. Сол себепті республиканың әрбір азаматы өз бетінше әрі ешкімнің мәжбүрлеуінсіз қай дінді болса да таңдау еркіндігіне, не болмаса өзін қандай да бір діннің өкілі ретінде сезінбей, діни институттардан тыс өмір сүру құқығына ие.

**Түйін сөздер:** зайырлылық, зайырлы қоғам, зайырлы басқару, діни сенім, діни сана, дін әлеуметтануы.

Almuhamedov A.R.,  
Nysanaliev Zh., Duanayeva Sh.E.

### **The role of religion in a secular state**

It is well known that religion – a phenomenon closely related to any society. In a society where there is religion, there is also the citizens who adhere to religion. Article sets the task to reveal how to actually manifest the relationship between the state and confessions in Kazakhstan, according to the norm of secularism. The main symptom of state-confessional relations in Kazakhstan – no one official or compulsory religion in our country. This means that our country supports all sorts of values in society and provides the freedom to choose religious person. In this regard, every citizen of the Republic has the right to independently and without any coercion, free to choose any religion, or live outside the religious institutions, without feeling like a representative of any religion.

**Key words:** secularism, secular society, secular government, religious belief, religious consciousness, the sociology of religion.

Әлмұхамедов А.Р.,  
Нысаналиев Ж., Дуанаева Ш.Е.

### **Роль религии в светском государстве**

Известно, что религия – явление, тесно связанное с любым обществом. В обществе, где есть религия, есть и граждане, придерживающиеся религии. Статья ставит задачу раскрыть, как на деле проявляются взаимоотношения между государством и конфессией в Казахстане согласно норме о светскости. Главный признак государственно-конфессиональных взаимоотношений в Казахстане – отсутствие одной официальной или обязательной религии в нашей стране. Это означает, что наша страна поддерживает ценности в обществе и обеспечивает свободу выбора личностью вероисповедания. В связи с этим каждый гражданин республики обладает правами самостоятельно и без всякого принуждения, свободно выбирать любую религию либо жить вне религиозных институтов, не ощущая себя представителем какой-либо религии.

**Ключевые слова:** секуляризм, светское общество, светское правительство, религиозная вера, религиозное сознание, социология религии.

## **ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ДІННІҢ РӨЛІ**

Қазіргі таңда зайырлылық көптеген демократиялық және құқықтық мемлекеттерге тән. Қазақстан Республикасы Ата заңының 1-бабына сәйкес еліміз демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орныққан. Яғни Қазақстан үшін адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары басты құндылықтар болып табылады. Осы орайда Қазақстандағы зайырлылық мемлекеттің конституциялық және құқықтық сипатын, мемлекеттік биліктің қай салада болмасын діннен ажыратылғандығын білдіреді.

Әлемдік діндердің төзімділік процесінің жүзеге асырылуы дін туралы заң аясында қарастыратын болсақ, толыққанды мәлімет алуға болатынын аңғарамыз [2, 56-б.].

Дін әлеуметтану тұрғысынан талдану нәтижесінде ең алдымен әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады. Дінді ғылыми анықтаудың қарапайым және ең кең тараған әдісі осы. Демек, индуктивті әдіске негізделеді: мүмкіндігінше қарастырылып отырған құбылысқа қатысы бар фактілердің бәрін жинап, оларды салыстыра отырып, зерттеліп отырған феноменді сипаттаушы ретінде ұқсас жақтарын, қайталанып отыратындарын, ортақ қасиеттерін бөліп қарастырады. Сонымен бірге әлеуметтану саласы олар соншалықты әр түрлі болғанымен, барлық діндерге қатысты қандай да бір ортақ қасиеттерін анықтау мүмкін емес екендігін көрсетеді. Айталық, мысалы, мұсылман және христиан діни дүниетанымдарына тән дүниенің бөгде және о дүние болып екіге бөлінуі буддизм немесе индуизм дінінде жоқ [3, 56-б.].

Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастың басты сипаттамасы – елімізде қандай да бір ресми немесе міндетті діннің болмауында. Ол дегеніміз, еліміз қоғамдағы кез келген құндылықты қолдайды және тұлғаның ар-ождан бостандығы мен діни сенім еркіндігін қамтамасыз етеді. Сол себепті республиканың әрбір азаматы өз бетінше әрі ешкімнің мәжбүрлеуінсіз қай дінді болса да таңдау еркіндігіне, не болмаса өзін қандай да бір діннің өкілі ретінде сезінбей, діни институттардан тыс өмір сүру құқығына ие.

Біздің ойымызша, мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудың мұндай тәсілі қазіргі көпұлтты және поликонфессионалды Қазақстанның толымды әрі үйле-

сімді дамуының мақсатына барынша сәйкес келеді. Себебі Қазақстан елдегі мәдени және дүниетанымдық көпжақтылық пен плюрализм шараларын құрметтейді әрі қалыптастырады.

Қандай да бір дінде адамдардың әр қандай қоғамдастықтарға ұйымдасуы еш анықтамаға келмейтін жағдайлар көп кездеседі. Әлеуметтанушылар мен басқалар арасында да діннің шіркеу, құдай, діни сенім сияқты жекелеген элементтерін анықтау кезінде үлкен пікірлестік байқалса, бірақ сонымен қатар діннің өзін тікелей анықтауда үлкен келіспеушіліктер байқалады. Діндер түрлі қоғамдарда немесе әр түрлі тарихи кезеңдерде бірдей қызмет етіп отырма? деген сұраққа әзірге сенімді жауап жоқ. Ал егер олай болса, онда оны қандай да бір ортақ анықтамаға әкеп тіреуге болатын феномен ретіндегі дін жайлы түсініктердің өзі сенімсіздік тудырады. Әлеуметтану беретін немесе беруі мүмкін діннің анықтамасын жеткілікті және мейлінше толық деп қарастырмау керек. Өйткені дін әлеуметтік аспектімен – қоғаммен өзара әрекеттесу процестерімен, сондай-ақ дінді зерттеудегі әлеуметтанушылық әдістер шеңберімен шектелген сұрақтармен тұйықталмайды.

Дін әлеуметтануының ғылыми пән ретінде қалыптасуы көбінесе еуропалық қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және мәдени процестерге байланысты. Бұл сұрақтарды шешуге елеулі талпыныстардың бірін О. Конт (1798-1857) жасады. Ол әлеуметтік өмірді зерттеуге жаратылыстану ғылымдары қолданып жүрген индуктивті әдісті қолдануды ұсынды. Діннің рөлі және әлеуметтік тәртіптің негізінде не нәрсе жатыр деген сұраққа О.Конт “тарихтың үш сатысы жайлы заңында” жауап берген. Бірінші саты – діни немесе теологиялық жағдай”, онда адам санасында дәлелсіз ойға негізделген оқиғалар, субъективтік негізсіздіктер үстемдік етсе, екіншісі – философиялық, “метафизикалық жағдай”, онда абстракция, дөрекі дерексіздік шынайылық ретінде қабылданады. Үшінші – позитивті, онда ғылымның көмегімен қолда бар жағдайларға дұрыс баға беруге қол жеткізіледі. Осы үш “сана жағдайының” әрбірі бүкіл әлеуметтік ұйымдасудың негізін құрайды. Дін және позитивті білім, ғылым арасындағы жанжалдың міндетті түрде болатындығын мойындай отырып, сонымен бірге оның дами түсуі діннің құлдырауына және міндетті түрде оның өліміне алып келеді дей отырып, Конт әлеуметтік байланыстардың ыдырау қаупін болжады. Ақырында Конт әлеуметтік байланыстардың рухани тірегі ретінде “екінші теологиялық синтез” керек деген қоры-

тындыға келіп, адамзаттың бірыңғай ортақ “ұлы тірі жан” культі, барлық өмір сүргендердің, өмірден өткендердің және болашақ ұрпақтардың үлкен әлеуметтік организмі ретінде “позитивті дінді” жасады [4, 123 б.].

Дін қоғамда әлеуметтік организм өмірінің бір көрінісі ретінде өмір сүреді. Дін мен қоғам арасындағы байланыстың екі дербес шамалардың әрекеттесуі өзіндік күрделі процесс. Дін – қоғамынан оқшаулана алмайтын қоғамдық өмірдің бір бөлігі, ол қоғам өміріне соншалықты сіңісіп кеткен. Солай бола тұра, қоғам мен діннің мұндай байланысының сипаты мен дәрежесі оның дамуының әр түрлі кезеңінде біркелкі болмайды. Әлеуметтік жіктелудің күшеюімен қатар, қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларының тәуелсіздігі арта түседі. Қоғам мамандану және жіктелу жолымен жылжи отырып, онда әлі оның өмір саласын құрайтын бөліктері бір жерде топтасып, оларды айыру мүмкін болмайтын тұтастық жағдайынан көп бейнеліктің бірлігін білдіретін жалпыламалыққа бірте-бірте өзгереді [5, 6-б.].

Бұл діннің атқарып отырған қызметтерін, егер мәселе дамыған қоғам жайында болса, олардың қоғамда қызмет атқарушы басқа да әлеуметтік жүйелер мен институттармен етене араласуы тұрғысынан қарастыру керек, ал егер дамушы қоғамда болса, ортағасыр кезіндегідей діннің жаппай билеп-төстеуі сияқты емес, сәйкес немесе ұқсас жолдары бойынша қарастыру керек екендігін білдіреді.

Мұндай көзқарас былай деп тұжырымдалады: біріншіден, діннің қызметі кез келген әлеуметтік әрекеттің белгілі бір құндылықтарға бағыт ұстанған субъективті ойдан өткізетін әрекет болып табылады деген негізгі фактілермен арақатынасы белгіленуі керек. “Қоғам” ұғымы қатаң әлеуметтанушылық мағынада топ мүшелері мен топтар арасындағы көп бейнелі әлеуметтік қатынастардың етене араласып кеткенін білдіреді. Бұл қатынастардың күрделілігі дін мен мәдениеттің әрекеттесуінен көрінеді. Егер Вебермен келісе отырып, қоғамды жеке адамдардың әлеуметтік әрекеті ретінде қарастыратын болсақ, онда ол олардың әрекетінің аумағы мен өнімі ретінде елестетіледі. Жеке адам әрекетті бастама ретінде көреді, әрекеттілік оның тарапынан келіп шығады. Мәдениет болса, мәжбүрлі түрде әрекет етушіні реттеу нормалары ретінде өмір саласының қалыптасып қалған амалдарын белгілейді, ол жеке адамға сырттан берілгендей болады. Осы тұрғыда дін адамның әрекеті және әлеуметтік феномен болады. Яғни, қоғамның өмірлік әрекетінің туындысы, одан кейін адамға



сырттан берілген және міндетті түрде қарсы тұратын секілді. Дін бұл тұрғыда мәдениет түсінігінен арақатынасын белгілейді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде “дін және қоғам” мәселесі көбінесе “дін мен мәдениеттің” өзара үлесі болып табылады [4, 56-б.].

Дін адамдарға біздің әлемімізде өмір сүретін басқа адамдар арасынан оның құрамына енетін топтың мәнін көрсете отырып, өздерінің кім екенін түсінуге көмектеседі. Діннің біріктіруші және адамның өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін қызметі индустриалдыққа дейінгі қоғамдарда ерекше күшті әрекет етті. Мысалы, америкалық дінтанушы-әлеуметтанушылар плюралистік америкалық қоғамда бірде-бір дәстүрлі діндер бұл мақсатты орындай алмай отырғанын айтады. Әлеуметтің сипатымен бірге өзгеруінен дін де өзінің қызметімен өзгеруде. Сондықтан діннің біріктіруші қызметі қазіргі қоғамда ең бір маңызды болып сақталуда, бірақ ол өзінің іске асырылу амалдары мен нысандарын өзгертуде.

Дін қоғамның нормалары мен құндылықтарын насихаттай отырып, онымен бірге оның тұрақтылығына мүмкіндік жасайды. Дін сол әлеуметтік құрылымға пайдалы нормаларды орнықтыра отырып, тұрақтандырушы функция атқарады және адамның моральдық міндеттерді орындауы үшін алғышарттар жасайды. Адамдардың тыйым салынғандарды бұзу оқиғалары орын алғандықтан, көпшілік діндер қайта орнына келу және міндеттемелерді орындау үшін талпыныстарды қолдайтын амалдарға ие – тазалану және кінәсін жуу ырымдары, олар күнә сезімін бәсеңдетуі немесе оны арттыруы мүмкін [5].

Қазіргі заманғы қоғамда діни өмір консерватор-дәстүршілдер мен модернистер, діни жаңару мен ренессанстарының жақтастары арасындағы жанжалдармен көрініс береді. Әдетте, олардың арасындағы күрес таза теологиялық пікірталас шеңберінен шығып кетеді және дін басыларының әлеуметтік саяси бағыт ұстануының біртекті еместігін көрсетеді.

Дін қоғам тұрақтылығының факторы ретінде ғана емес (бұл жерде функционалистер оның негізгі қызметін жиі көреді), сонымен қатар, әлеуметтік өзгерістердің қайнар көзі болып қызмет етеді. Мысалы, Вебер протестанттық реформацияның шешуші рөлін “капитализм рухын” жасауда кальвинизмнің ерекшеліктеріне негіздеді және нәтижесінде Еуропа тарихында жаңа дәуір мен индустриалдық өркениеттің дамуының басталуын білдірген орасан зор тарихи алға басушылықты дәлелдеді [6].

Сонда да жанжалдар теориясы өз назарын қарама-қарсылық пен күреске шоғырландыра отырып, оларсыз қоғам өмір сүруге қауқарсыз деп, ынтымақтастық пен кооперацияны түсіндіруде айтарлықтай қиыншылыққа тап болады. Әлеуметтік өмір теориясы екі сәтті де -үйлесім мен диссонансты есепке алуға міндетті, – алайда олардың сәйкестенуі, тепе-теңдігі нақты материалды таңдауда бірде басқасына, екіншісінде басқасына екпін салуға мүмкіндік бере отырып, айтарлықтай кең шектерде құбылып отырады. Нәтижесінде бұл екі көзқарас өзара жоққа шығарушы емес, өзара бірін-бірі толықтырушы болады. Діннің қоғамдағы рөлі тек функционалды немесе тек дисфункционалды келіп тірелуі мүмкін еместігі анық. Діннің кері ықпалдасудың, қиратудың, жанжалдың факторы ретінде көрініп жататын жағдайлары оны әлеуметтік патология қатарына қосу үшін негіз болмауы керек [6, 53-б.].

Қарастырылып отырған арақатынастың маңызды жағы – белгілі бір әлеуметтік топтардың, қоғамдық стратификация мен наным-сенімдердің белгілі бір жүйелері арасындағы байланыс. “Тек-топ, таптар, дін” мәселесі Вебер тарапынан “әлемдік діндердің шаруашылық этикасы” атты жұмысында өте тамаша қарастырылған. Ол қандай да бір топтардың өмірлік мінез-құлықтары тиісті діндердің іс жүзіндегі этносына күшті әсер еткенін және оларға бір-бірінен ерекшеленіп тұратын өзіндік ерекшелігі бар белгілер бергенін көрсетуге тырысты. Айталық, конфуцийшілдік пайда болған ақсүйектік ұтымды бюрократияның тектік-топтық этикасы болды. Ерте индуизм иеленушілері әдеби тұрғыдан ойдан құрастырылған мұрагерлік касталардың өкілдері болды, керісінше, ешқандай қызмет орындарында болмаған, тек ведалық білімі бар брахмандар діни дәстүрлерді иеленуші шынайы діни тек-топ ретінде болды. Буддизм болса, ойға шолуға берілген және дүниеден безіп қаңғырып, ел аралап жүрген монахтар тарапынан көпшілікке таратылды. Ислам алғашында дін үшін күресуші жауынгерлердің, басқыншылардың, рыцарлық орденнің діни болған. Иудаизм вавилондық тұтқыннан кейін “пария-халық” діни болды; ал христиандық әуел баста ел аралап жүрген қолөнершілердің ілімі, сипаты бойынша өзіндік ерекшелігі бар қалалық дін болды [4, 56-б.].

Жалпы діннің басқа әлеуметтік институттармен қатынасы проблемасының бүкіл жиынтығы діннің әлеуметтік-мәдени өзгерістердегі рөлі деген басты мәселелермен байланысты. Бұл мәселе діннің рөлі қоғамда болып жатқан

өзгерістерді уақыт бойынша қандай да бір артта қалушылықта болумен шектеліп отырады ма немесе дін осы өзгерістердің қозғаушы күші – “моторы” болып табыла ма деген мәселе жөнінде. Қазіргі уақытта бұл проблеманың тәжірибелік жоспары “үшінші әлем” елдерін жаңарту процесінде пайда болатын өте өткір қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтарға байланысты көрінісін айтуға болады. Демек, қоғамдағы әлеуметтік тұрғысынан алғандағы дінтанушылардың зерттеу нәтижелер көрсеткіші ретінде түрлі көзқарастарды қамтығандығын көрсетеді.

Осы орайда, адам құқықтары жөніндегі комиссия – ҚР Президенті жанындағы консультативті кеңесші орган. Ол ҚР Президентінің 1997 жылы 22 сәуірдегі жарлығымен құрылған. Комиссия Президенттің адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру жөніндегі кеңесшілік міндеттемелерін жүзеге асыруына, осы бағыттағы тетіктерді жетілдіруіне жәрдемдесуі тиіс. Сондай-ақ, адам құқықтары төңірегіндегі Президент атына және тілекей өзіне жолданған хат-хабарлар мен шағымдарды қарап, соған орай жыл сайын баяндамалар дайындайды. Осы тұрғыда ұсыныстар білдіреді. Халқаралық-құқықтық құжаттар мен қорытындылар әзірлейді [4, 58-б.].

Ар-ождан және діни наным бостандығы – адамның іргелі құқықтарының бірі. Себебі ол, ой бостандығы, сенім еркіндігі, сөз бостандығы, жиындарға қатысу бостандықтарын қамтиды. Осы құқықты пайдалану мемлекеттің демократиялық деңгейінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Қазақстанда әртүрлі діндердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін қажетті құқықтық және ұйымдық жағдай жасалған. Конфессияаралық қатынастарды үйлестіруге, реттеуге бағытталған саяси бағдарлама бар.

Осы сала Ата Заңмен, азаматтық кодекспен және бірқатар заңдармен, ең бастысы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңмен реттеледі.

Еуропа елдері зайырлы және ресми діні бар мемлекеттер болып бөлінеді. Бұл елдерді 3 деңгейге бөліп қарастыруға болады. Бірінші деңгейде ресми діні бар мемлекеттер: Ұлы Британия, Дания, Норвегия, Грекия, Болгария. Бұл мемлекеттердің шіркеулерін, дәстүрлі діндерін мемлекет толық қаржыландырады [7, 6-б.].

Мысалы, Норвегияда дін мен мемлекет бөлінбеген. Ресми діни евангелистік-лютерандық шіркеу. Ел халқының 88 пайызы ресми дінді қолдайды. Балалардың 75 пайызы шіркеулерде шоқындырылады. Елде 100 мыңға жуық мұсылмандар бар. Норвегия королі – шіркеудің де басшысы. Елде дін

ахуалына жауапты мәдениет және шіркеу істері жөніндегі министрлік бар. Мектептерде заң бойынша «христиандық діндер және дүниетаным» деген пән оқытылады [8, 16-б.].

Екінші деңгейдегі зайырлы мемлекеттер: Германия, Франция, Испания, Аустрия, Италия сияқты елдер. Бұл елдердің де шіркеулерін мемлекет қаржыландырады. Италия, Белгия, Польша, Нидерланды, Аустрия және басқа елдерде христиандық демократиялық партиялар жұмыс істейді. Испания Чехия және Словакияда шіркеуде қиылған некенің заңды күші бар. Бірқатар елдерде діни қауымдастықтарға салықтық жеңілдіктер көрсетіледі. Аустрияда шіркеу мәртебесін алу үшін 16 мың мүшесі болу керек. Румынияда 20 мың, Чехияда 10 мың, ал бізде кешегі күнге дейін 10 адам бір діни қауымдастық құра алатын [7, 6-б.].

Еуропаның бірқатар елдері Ватиканмен келісім арқылы түрмелер мен ауруханаларда діни салт-жоралар өткізуге, өздерінің жеке балабақшалары, мектептері, жоғары оқу орындары, денсаулық сақтау мекемелерін ашуға және мемлекет қаражатымен білім мекемелерінде дін пәнін оқытуға құқық береді. Ватикан мен Қазақстан арасында да осындай келісім бар. Ол еліміздегі католиктерге жағдай жасап отыр [9,55-б.].

Үшінші деңгейдегі елдер мемлекеттік қолдау көрсетпейтін, басқа діндерге оң қабақ танытпайтын, мұсылмандықты жат пиғылды дін деп есептейтін елдер. БАҚ-та жаман көрсетуге ұмтылады, мысалы Норвегия. Бұл жағдайларды Еуропалық комиссия сынға алып келеді. Еуропаның басты діни мәселелерінің бірі демографиялық мәселе. 1960 жылы еуропалықтар әлем халқының төрттен бірін құраса, 2000 жылдары алтыдан бірін құраған. Еуропа аймағында қазір 20 миллионнан астам мұсылмандар өмір сүреді. Олардың өсу қарқыны да жергілікті халықтың өсімінен әлдеқайда жоғары. Мұсылмандар христиандыққа икемделмей дінін, тілін сақтайды. Ал, еуропалықтар болса, олардың христиандықты толық қабылдауын қалайды. Мұсылман елдерінен келетін жұмыс күшін пайдалануға мәжбүр. Түйіндей келе мемлекеттің зайырлы болуына, демократиялы болуына дін мен мемлекеттің бөлінуі шарт емес. Мемлекеттің діннен бөлек болуы дегенді екеуінің арасына қорған салу немесе мемлекеттік басқаруға мүлдем әсері жоқ дегенді білдірмесе керек [10, 95-б.].

Еліміздегі діни бірлестіктердің құқығы заң алдында бірдей. Бірақ ел халқының басым бөлігі ұстанатын ислам мен православияға ықылас

білдіреді. Нақтырақ айтқанда ел халқының 90 пайызын құрайды. Осыған орай еліміздегі дәстүрлі әрі іргелі діндердің мәртебесі мен олардың қоғамдық, саяси өмірдегі рөлі де жоғары болмақ. Демократиялық жүйесі дамыған батыс елдерінің конституциясында мемлекеттің дін туралы бабы бар. Мәселен көршілес Ресейдің дін туралы заңында «Ресей тарихындағы, оның қалыптасуы мен дамуындағы православиенің ерекше рөлін мойындай отырып» деген сөздер нақты көрсетілген болса, тілі де, діні де бір бауырлас Түркіменстанның дін саласын реттейтін заңында «Түркіменстанның көп ғасырлық тарихындағы мұсылмандықтың ерекше рөлін мойындай» отырып деген аталы сөздер жазылған.

Қазақстанда діни саладағы қатынастарды реттейтін алғашқы заң 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң болды. Айта кету керек, аталмыш заң 1993 жылғы алғашқы қазақстандық Конституцияға дейін қабылданған. Заңда кеңестік дәуірмен салыстыра қарағанда, мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастардың мүлдем жаңа қағидаттары, қоғамдағы діни бірлестіктер мен дінге сенушілердің жаңа ахуалы бекітілген, ол дінмен сан жылдар бойғы күрестен кейін діни сенім бостандығы құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді [11,55-б.].

Заңда әу бастан-ақ кейбір дау тудыратын ережелер мен дәлсіздіктер болды, олар көп ұзамай өзін тәжірибе жүзінде көрсет. Мемлекеттік органдар үшін де, діни бірлестіктер мен дінге сенушілер үшін де белгілі бір проблемалар туындады. Кейбір діни бірлестіктер заң ережелерін дұрыс түсінбей, кейде әдейі немесе білместіктен оларды бұзып отырды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Заңды тездетіп қабылдауға Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылдың 1 қыркүйегінде төртінші шақырылған Парламенттің 5-ші сессиясы ашылуында сөйлеген сөзі қозғау салды [1].

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган ол Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі болып табылады.

Дін туралы бұл заң Қазақстан Республикасы Конституциясы, Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясы (1948), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық акті (1966), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің қорытынды актісі (1975), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық

жөніндегі Кеңеске қатысушы-мемлекеттер өкілдерінің Венада өткізген кездесуінің қорытынды құжаты (1986), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңесінің Копенгаген қаласында өткен Адами өлшем жөніндегі конференциясының құжаты (1999) және т.б. [1].

Зайырлы құрылым дегеніміз мемлекет діни бірлестіктердің мойнына қандайда бір мемлекеттік функцияны орындауды артпайды, сондай-ақ діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды деген мағынаны білдіреді [1].

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік төзімсіздік пен айырықшалықты насихаттауға, жалпыға ортақ халықаралық құқық пен гуманизм принциптеріне кереғар милитаристік және басқа да идеяларды таратуға тыйым салынады (28-бап, 3-тармақ).

Заңның 51-бабы 6-тармағы бойынша ұстаздар қауымына оқыту процесін саяси үгітке, діни насихатқа айналдыруға немесе оқушыларды Қазақстан Республикасының Ата заңы мен заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге үндеуге тыйым салынады.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқығы туралы» Заңның 19-бабы 5-тармағына сәйкес баланың денсаулығын түзейтін, спорттық, шығармашылық және басқа да лагерь, санатория сияқты балалар дем алатын орындарда құлшылық қылу рәсімдерін, жорасы мен жиындарын, сондай-ақ діни ілімдерге бағытталған әрекеттерді өткізуге рұқсат етілмейді.

Осы Заңның 35-бабы 2-тармағына сәйкес бәлиғатқа жетпеген балаларға қатысты діни салттар ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың рұқсаты бойынша жасалады. Балаларды дінге зорлауға рұқсат етілмейді. Қандай да бір тікелей немесе жанама түрде азаматтың құқығын шектеуге немесе оның дінге көзқарасына байланысты артықшылықтар жасауға, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру, сол сияқты ана я мына діннің культтік мұрасын аяқ асты қылу қылмыстық жауапкершілікке әкеледі (ҚР ҚК 164-бабы).

Ешкімде өзінің діни сенімдерін желеу етіп заңмен анықталған міндеттерін орындаудан бас тарта алмайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабы 2-тармағы бойынша «Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс» [12, 75-б.].

### Әдебиеттер

- 1 Әділет министрлігі. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы.
- 2 Тұрғынбаева Б. «Толеранттық бейбітшілікке апаратын жол». Әдістемелік ұсыныс. – Семей, 2011. 108-б.
- 3 Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет-ғұрпы. – Алматы: Қазақстан, 1992. 149-беттік. 135-149 б.
- 4 Белла Р. Социология религии // Американская социология. Перспективы, проблемы, методы. – М., 1972. – С.265-281.
- 5 Белл Д. Культурные противоречия капитализма // Религия и общество: Хрестоматия по социологии религии / Сост. В.И.Гараджа, Е.Д.Руткевич. – М., 1996. – С.699-703.
- 6 Вебер М. Протестанская этика и «дух капитализма» // Избр. Призв. – М., 1990.
- 7 Балагушкин Е.Г. Нетрадиционные религии в современной России. – Москва, 2000.
- 8 Акназаров Х.З. Ислам діні және өмір шындығы. – Алматы, 1977.
- 9 Осман Ескижиоглы. «Ислам хухукиачысындан Хукуквейн санхаклары». – Измир: Анадолы баспасы, 1996.
- 10 Хизметли С. Орта Азия түркі мемлекеттеріндегі зиянды діни философиялық ағымдар және зайырлы мемлекеттегі дін түсінігі. Дін мен дәстүр – радикализмге қарсы» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Өскемен, 2014.
- 11 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006.
- 12 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы №4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы). 21-бап.

### References

- 1 Adilet ministrliги. Kazakstan Respublikasy normativtik kukiyktyk aktilerinini akparattyk-kukiyktyk zhujesi. Kazakstan Respublikasynyn 2011 zhylgy 11 kazandagy № 483-IV Zany.
- 2 Turgynbaeva B. «Toleranttyk bejbitshilikke aparatyn zhol». Adistemelik usynys. – Semej, 2011. 108-b.
- 3 Oserov N., Estaev Zh. Islam zhane kazaktardyn adet-gurpy. Almaty, Kazakstan. 1992. 149-bettik. 135-149 b.
- 4 Bella R. Sociologija religii // Amerikanskaja sociologija. Perspektivy, proble-my, metody. – M., 1972. – S.265-281.
- 5 Bell D. Kul'turnye protivorechija kapitalizma // Religija i obshhestvo: Hres-tomatija po sociologii religii / Sost. V.I.Garadzha, E.D.Rutkevich. – M., 1996. S.699-703.
- 6 Veber M. Protestanskaja jetika i «duh kapitalizma» // Izbr. Prizv. – M. 1990.
- 7 Balagushkin E.G. Netradicionnye religii v sovremennoj Rossii. Moskva 2000.
- 8 Aknazarov X.3. Islam dini zhane oмир shyndygy. – Almaty: 1977zh.
- 9 Osman Eskizhiogly. «Islam huhukiachysyndan Hukukvein sanhaklary». – Izmir: Anado-lybaspasy, 1996.
- 10 Hizmetli S. Orta Azija turki memleketterindegi zijandy dini filosofijalyk agymdar zhane zajyrly memlekettegi din tusinigi. din men dastyr – radikalizmge karsy» Res-publikalyk gylymi-tazhiribelik konferencijasynyn materialdary. Oskemen 2014 zh.
- 11 Oryssha-kazaksha tusindirme sozdik: aleumettanu zhane sajasattanu bojnynsha / Zhalpy redakcijasyn baskargan je.f.d., professor E. Aryn – Pavlodar: «JeKO» FOF. 2006zh..
- 12 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. Kazakstan Respublikasy Parlamentinin Zharshysy, 1996 zhylgy № 4, 217-kuzhat (Kazakstan Respublikasy Parlamentinin basylymy). 21-bap.



Пардабеков Д.А., Затов Қ.А.

**Жаһандану жағдайындағы  
діни экстремизм мен  
терроризм**

Бұл мақалада жаһандану жағдайындағы діни экстремизм мен терроризм мәселесі сөз болады. Діннің ғаламдық жаһандану жағдайындағы дамуы мен қалыптасуы айтылып, сарапталады. Орта Азия және Қазақстан аумағындағы діни ахуал мен діндердің өзара байланысы айтылып, діни экстремизм мен терроризмге қарсы ең негізгі күш діни конфессияаралық бірлік мәселесі салыстырмалы түрде ұсынылады.

**Түйін сөздер:** жаһандану, терроризм, экстремизм, Қазақстан Республикасы.

---

Pardabekov D.A., Zatov K.A.

**Religious extremism and  
terrorism in a globalization status**

In this article, a status of religious extremism and terrorism is considered in the period of globalization. Besides that, the analysis of development and saving religion in the globalized society is given. In this article, it is briefly explained religious situation in Central Asia and Kazakhstan and asserted that the main force against religious extremism and terrorism are interfaith consent.

**Key words:** globalization, terrorism, extremism, Republic of Kazakhstan.

---

Пардабеков Д.А., Затов Қ.А.

**Религиозный экстремизм  
и терроризм в условиях  
глобализации**

В данной статье рассматривается состояние религиозного экстремизма и терроризма в контексте глобализации. Также дается анализ состояния и перспективы развития религии в глобализирующемся обществе. А также рассматривается религиозная ситуация в Центральной Азии и Казахстане. Автор придерживается точки зрения, согласно которой основной силой противостояния религиозному экстремизму и терроризму является межконфессиональное согласие.

**Ключевые слова:** глобализация, терроризм, экстрмизм, Республика Казахстан.

**ЖАҒАНДАНУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ  
МЕН ТЕРРОРИЗМ**

XXI ғасырда әлемнің ішкі және сыртқы саяси ахуалына, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани жағдайына ықпал етіп отырған негізгі фактордың бірі – діни экстремизм мен терроризм мәселесі. Қазіргі таңда адамзат баласын террорлық актілерге итермелейтін антогонизмдер және қайшылықтар күн санап өсе түсуде.

Қазіргі кезде ақпарат құралдары да, тіптен көптеген саясаткерлер де терроризмді XXI ғасырдың апаты деп бағалауда. Шындығында оның тамыры тым тереңде жатыр. Н.Ә. Назарбаев «Терроризмнің айдаһары қашан да болған және әркез қарсыластарына ұдайы арамзалықпен соққы беріп отырған. Алайда дәл қазіргідей ауқымды, зарарлы болып көрмеген. Халықаралық терроризм бұрын болғанымен қазіргідей адамзат баласын уысында ұстап, үреймен тербеткен емес», – деуінде шындық бар [1].

Жаһандану жағдайында діни фундаментализм мен лаңкестік белгілі бір аймаққа немесе бір ғана мемлекетке тән нәрсе болмай отыр. Әлем халықтарын тынышынан айырап діни экстремизм мен терроризм әлемдік дәрежеде қанатын жайып өркендеу үстінде. Діни экстремизмнің саяси астарын пайдалану арқылы кейбір топтар саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда. Бұл ретте Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп атап көрсетті: «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып, саяси кейіпке енгенін ескерсек, олардың тарапынан туындаған қауіп ойдан шығарылған емес, нақты және шынайы өмірлік қауіп» [2].

Америка Құрама Штатының Нью-Йорк қаласында 2001 ж. 11 қыркүйегінде болған террорлық акт терроризм мен экстремизмге қарсы күрестің тарихта болмаған халықаралық жаңа кезеңіне бастау болды. Осы оқиғаның нәтижесінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес әлемдік деңгейде жаңаша сипат алып, адамзат баласының басты феноменіне айналды.

Терроризм сөзінің мәні мен мағынасына тоқталар болсақ, терроризм латын тілінен аударғанда (қорқыныш, үрей) дегенді білдіреді. Терроризм – белгілі бір ұйымдасқан топтың, топ

мүшелерінің көздеген мақсатына жету жолында әлсіздерге күш қолдануы мен оларды жеке мүддесіне пайдалануы.

Террористер қоғамдық ғимараттарды, тарихи орындарды басып алу, автобустар тұрақтарымен көліктерді жарып жіберу сынды әрекеттерге барады. Террористік іс-әрекеттер қашанда ашық түрде қоршаған ортаға, үкіметке, атқарушы билікке әсер етуге бағытталады. Еуропалық Кеңеске мүше-мемлекеттер терроризммен күрес жөнінде 1977 жылы Еуропалық конвенция қабылдады [3]. Осы конвенция негізінде әлі күнге дейін терроризм мен экстремизмге қарсы бірлесе күрес жұмысын жүргізіп келеді.

Жас тәуелсіз Қазақстан үшін Орталық Азия аумағында ғана емес, Қазақстанның өзіне де дін атын жамылған экстремизм мен терроршылдықтың саяси-әлеуметтік негіздері мен астарын зерттеу бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі. Олай деуімізге бірнеше себептер бар. Ең біріншіден, діни экстремизм мен террор күні бүгін пайда болған дүние деп қарауымыз үлкен қателік. Ол тарихи тамыры терең өзекті құбылыс.

Жаһандану жағдайындағы экстремизм мен терроршылдық мәнін ұғыну, адамзат баласының өз тарихындағы діни көзқарастар мен саяси жағдайларға ғылыми көзқарас тұрғысынан қарап, зерттеудің маңызы ерекше. Діни экстремизм мен терроризмнің саяси-әлеуметтік негіздерін ғылыми көзқарас тұрғысынан анықтау арқылы, экстремизм мен терроризмнің тамырына балта шабуға мол мүмкіндік аламыз. Екіншіден, Қазақстан бүкіл әлем елдері үшін Орталық Азияға кірер негізгі қақпа. Қазақстан – табиғи ресурстар мен интеллектуалдық, техникалық потенциал көп шоғырланған мемлекет. Жаһандану жағдайында еліміздің ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін сақтау үшін өзіміздің ұлттық болмысымыз бен тәлтума мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды танып білу, ұлттық бет-бейнемізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды сабақтастықпен жеткізу өмір талабы. Бұл орайда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», – деп атап көрсетті [4, 211 б.].

Көп ұлтты Қазақстан мемлекеті үшін конфессияаралық қарым-қатынас шеңберінде радикализмге қарсы қоғамдық сананың төзімді имунитетін қалыптастыру саясаты мемлекеттік саясаттың алға қойып отырған негізгі басымдықтарының бірі болып отыр. Мемлекет жүргі-

зіліп отырған саясаттың астарында либералды заңнама, дінге еріктілік және плюрализм жатыр.

Зайырлы мемлекеттің принциптері, адам құқықтары мен бостандықтары танылатындығы және оларға қай дінге жататынын өздері анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге құқықтары Ата заңымызда бекітілген. Билік, саяси тәжірибе көрсеткендей, көпұлтты және көп конфессия құрайтын зайырлы демократиялық мемлекетте қандай да болмасын дінге ерекше артықшылыққа жол бермейді. Бірақ бұл ретте тарихи қалыптасқан негізгі конфессияны және конфессияаралық тепе-теңдікті сақтауда мүдделі болуды ұмытпауы тиіс [5].

Экстремизм – адамдарды мотивациялап қандайда бір іс-әрекетке итермелейтін негізгі идеялар жиынтығы. Экстремизмнің үш даму үлгісі бар. Олар: діни, этникалық және саяси болып бөлінеді. Экстремизмнің үш даму үлгісіне де ортақ мақсат бір. Бірінші кезекте елдің саяси және экономикалық ахуалына байланысты, саяси және экономикалық әсері болуы заңдылық. Дін фундаменталды, яғни фундаменталды догмалар жиынтығына негізделеді. Дін мен мемлекет бір мүддеге негізделген тұтастықтың көрінісі. Өйткені дін арқылы мемлекетте мекен ететін халықтың көзқарасы, танымы, өмір сүру принциптері көрініс табады. Діни экстремизм мен терроризм өзінің қалыптасу тарихи кезеңдерінде көп қырлылығымен мақсат-мүдделерінің ортақтығымен ерекшеленіп келді.

Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес діни саладағы экстремизмге қарсы, ымырасыз күресуге тиіспіз. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресу мемлекеттік органдардың негізгі басымдылықтарына жатады. Конфессияаралық қарым-қатынас шеңберінде радикализмге қарсы қоғамдық сананың төзімді имунитетін қалыптастыру саясаты мемлекеттік саясаттың бүгінгі таңда күн тәртібінде алғашқы орынға қойып отырған негізгі саясаты. Бұл саясаттың негізінде либералды заңнама, дінге еріктілік және плюрализм жатыр. Зайырлы мемлекеттің принциптері, адам құқықтары мен бостандықтары танылатындығы және оларға кепілдігі, қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы құқықтары Ата заңымызда бекітілген [5].

Соңғы жылдары әлемнің түкпір-түкпірінде орын алып жатқан, Ислам радикалды фундаментализмнің діни-саяси экстремистік қозғалыстары мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіруде.



Әлемді тынышынан баз кешірген «діни экстремизм» таза бір діни бағытта болуы мүмкін емес. Қашанда астарында әлеуметтік-саяси және экономикалық ықпал болуы әбден мүмкін, ол заңды да. Дін фундаменталды және өз кезегінде фундаменталды болуы тиісті. Дін қаншалықты фундаменталды догмаларға негізделгенімен экстремистік теріс ой мен пиғылда болмайды. Егер дін фундаменталды бола тұра, теріс экстремистік ойды насихаттаса, онда оның қағидалары діннен тыс, сыртқы факторлар әсерінен қалыптасты деуімізге себеп бар. Дін өзекті саяси мәселелермен байланысты болса, соғұрлым әлеуметтік проблемалармен де тікелей байланысты.

Дәстүрлі исламнан діни экстремизм мақсат-мүдделерімен немесе бірқатар белгілермен ерекшеленеді:

- зайырлы қоғамнан бастартып, шарияғат заңдарына негізделген ислам қоғамына ауысуын мақсат етеді;

- дін мен мемлекеттің бөлек өмір сүруін жоққа шығарып, оларды біртұтас деп таниды;

- исламды өзге діндер мен әлемге қарсы қоя отырып, ислам үстемдігіне қол жеткізу;

- халықаралық ұйымдар бекіткен мемлекетаралық құқықтарға мойынсұнбау;

- мақсатқа жету жолдарының нақты айқын болмауы.

Қазіргі таңда әлем елдеріне экстремистік және радикалды бағыттағы саяси ислам ұйымдары дінсіздерге қарсы қарулы қасиетті «Джихад» соғысын ашты. Бұл ұйымдар: «Әл-Каеда», «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Күрд халықтық конгресі», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Әсбат-әл-Ансар», «Мұсылман бауырлары», «Талибан» қозғалысы», «Боз Құрт», «Орталық Азия моджахедтер жамағаты», «Лашкар-и-Тәйба», «Әлеуметтік реформалар қоғамы». «Сырттан келіп арбау кезеңінде», – деген аттар мен ел іштеріне дүрбелең тудырып жүр.

Осы жөнінде Г.И. Мирский: *«В исламе, как и во всякой религии, сочетаются религиозные, не всегда вроде бы совместимые ценностные установки, есть немало противоречивого. И в Коране при желании можно найти высказывания, могущие быть истолкованными как воинственные. Например, многие сейчас толкуют о джихаде, интерпретируя этот термин как «священная война против неверных», что якобы дает мусульманам право и даже вменяет в обязанность вести борьбу против немусульманского мира всеми средствами вплоть до террора... Это одностороннее и неверное толкование»*, – деп түсіндіріп өтеді [6]. Шынында «қасиетті Джихад»

соғысы ислам дінін өзге діндерге қарсы қою, қан төгу емес. Құранда жазылған сөзді кері түсінікпен қабылдап қателесіп жататындар легі күн санап артпаса кемімей отыр.

Жоғарыда аталған ұйымдарға мүше болған Қазақстан азаматтарының да іргелес елдердің, алыс шетел аумақтарында террористік оқиғаларға атсалысып, бой көрсетуде. «Орталық Азия моджахедтер жамағаты» террористік тобына Қазақстан азаматтары да мүше болып, мүшелігіне сай «мұсылмандардың құқықтарын аяққа басқан Өзбекстанның билігіне қарсы» қылмыстық әрекет жасаған.

Қазақстан азаматтары заңсыз әскери құрылымдардың іс-әрекетіне тартылып, Ауғанстан және басқа да елдердің аумағында әскери құрылымдардың құрамында қызмет еткен. Гуантанамо түрмесінің тұтқындарының бірі Қазақстан азаматы болып шықты. Сондықтан 2005 жылы белгілі америкалық «Ұлттық барлау кеңесі» үкіметтік емес ұйымы «Болашақ жаһандық карта» деген талдамалы – болжамдық баяндамасын жария етті. Картада Қазақстан Ресеймен, Әзірбайжанмен және Түркіменстан елдерімен қатар радикалды топтар орналасқан арнайы дайындықтан өткен әрі террористік әрекет жасауда біршама тәжірибесі бар «Джихадтың кәсіби жауынгерлері» мекен ететін өңірге жатқызылды. Күні бүгінге дейін терроризмнің қауіп-қатеріне аз ұшыраған ел деп саналатын біздің еліміз осы кезеңде әртүрлі сараптама мәліметтерінің тізіміне іліге бастады. 2000 жылдың II жартысынан бастап Қазақстанның аумағында террористік іс-әрекеттерін жүзеге асыруға талпынған топтар мен адамдардың іс-әрекеттері көріне бастады [7].

Терроризм проблемасы халықаралық деңгейдегі жаһандық өткір проблемаға айналды. Бұл келесі себептермен байланысты: біріншіден, терроризм ғаламшарлық кеңістікте кеңінен таралуда. Терроризм тек дәстүрлі шиеленіс аймақтарында ғана емес (Таяу Шығыс, Оңтүстік Азия), сонымен қатар, дамушы және дамыған алпауыт, әлемдік мемлекеттердің де (АҚШ, Батыс Европа) өзінде бой көрсетіп отыр. XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың бас кезінен бастап, жаһандық проблемалардың өршуі әлемдік қауымдастық дамуын қазіргі заманның ерекше кезеңінің сипатталуына, халықаралық қатынастардың ерекшеліктері мен әлем саясатының басты бағыттарын анықтайтын негізгі факторға айналды [5].

Жеке мемлекеттермен қоса терроризм бүкіл әлемдік қауымдастықтар мен бірлестіктер-

ге де қауіпті. Әлем бойынша терроризмнің салдарынан жүздеген ғимараттар жермен жексен болып, мыңдаған адамдар ажал құшып және көбі жарымжан болуда.

Жоғары дамыған мемлекеттер тобы немесе ірі державалар терроризмге қарсы күресте жеткіліксіз. Өршіп келе жатқан жаһандық проблема ретінде терроризмді жеңу үшін, барша мемлекеттер мен халықтардың, бүкіл әлемдік қауымдастықтың бірлескен күші қажет.

Терроризмнің қазіргі таңдағы басқа жаһандық проблемалармен байланысы ашық және айқын болуда. Терроризм проблемасына басқа жалпы адами проблемалардың көптеген ерекшеліктері тән: терроризмнің әлемдік деңгейде таралуы, шұғыл шешім шығаруды талап ететін жағдаяттардың болуы, теріс динамизмнің орын алуы, адамзат өміріне кері әсер көбейгенде қолданылуы және т.б. [5].

Терроризмнің анықтаушы факторлары болып, әлемнің жаңа жаһандық проблемалары – мемлекеттер аралық қатынастардың шиеленісулері, әртүрлі діндердің арасында байланыстар, ғаламшар халқы санының артуы, ұлтаралық қатынастардың өткірленуі, халықаралық қылмыстың артуы, заңсыз есірткі айналымы және т.б. болып табылады [8].

Әлемдік жаһандану өз кезегінде біршама карама-қайшылықтармен бетпе-бет келіп отыр. Олар: экологиялық өзгерістер, әлемдік ядролық қару мәселесі, азық-түліктің тапшылығы, ақпараттар халықтар арасындағы түрлі індет аурулар, техногендік катастрофалар, халықаралық деңгейдегі терроризм, нашақорлық мәселесі, халықаралық заңсыз қару-жарақ саудасы, адам ұрлау және сату, діни экстремизм т.б.

Америкалық зерттеуші-ғалым П. Пробст: *«в целом, мы рассматриваем религиозно мотивированный терроризм как усиливающуюся тенденцию, а терроризм с политической мотивировкой как идущий на убыль»*, – деп баға берген [9]. Діни терроризмнің атқарар рөлі мен маңызы жайында америкалық тағы бір ғалым М. Юргенсмайер: *«увеличивающиеся масштабы религи-*

*озного терроризма, стратегические цели, особо разрушительные средства свидетельствуют о появлении так называемого нового терроризма к 80-90 годам XX века»* – деп ғалым діни терроризмнің қанат жаюы мен қоғамға тудыратын қаупінің өте зарарлы екендігін тілге тиек етті. М. Юргенсмайер айтып отырған мәселесі – қоғамдық маңызы бар, ауқымды мәселе. Терроризм күн санап қанатын кеңінен жайып, ел ішіне індет болып тарауда. Діни экстремизм мен терроризм ХХ ғасырдың 80-90 жылдарында америкада «христиан белсенділер» деген топтан бастау алып дамығанын айтып өтті.

Әлемдік терроризмді зерттеген ғалым Брюс Хоффман: *«при очевидно большом значении активизации исламского фактора для общего усиления религиозного терроризма, данный процесс происходит на более широкой основе. В частности, он пишет, что с 80-х годов истекшего столетия возрастание роли религиозного терроризма было связано с большинством мировых религий, а также с менее значительными сектами и культурами»*, – деп діни экстремизм мен терроризмнің өршуіне себеп болып отырған әлемдік діндер мен дәстүрлі емес діни ұйымдардың ұстап отырған қағидаларының сан түрлілігінен деп баға береді [10].

Діни экстремистердің таным түсінігі бойынша дін үшін соғыс, қасиетті соғыс саналады. Бұл жолда аяушылық, мейірімділік, ізгілік сынды адами қағидалар есепке алынбайды. Дін жолында қан төгу, алла өміріне жүгіну, қасиетті борышты орындау. Діни экстремизмнің табынушыларының пайымдауынша, қаншалықты дін үшін қан төксең, соншалықты жаратушыға жақын болып, тазарасың.

Әлемдік жаһандану жағдайында еліміздің бірлігі мен бірегейлігін сақтау үшін өзіміздің ұлттық болмысымыз бен төлтума мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды болашақ ұрпақ танып білуі, ұлттық бет-бейнемізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымыздың ең асылын ұрпақ сабақтастығы арқылы жүйелі түрде жеткізу өмір талабы [11].

#### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы, 2003. – 120 б.
- 2 Казахстан и глобальные вызовы современности: материалы научно-практической конференции (Алматы, 19 мая 2010г.) / Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ, 2010. – 120 с. (5).
- 3 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 273 б.
- 5 Біржантеев Е.К. Қазақстандағы діни қауіпсіздік мәселелері. // Вестник ЕНУ. Серия гуманитарные науки. – 2014. – 366-371 бб.

- 6 Мирский Г. Дракон встает на дыбы: (О международном терроризме). // Мировая экономика и международные отношения. 2002. – № 3. – С. 41.
- 7 Ерлан Қарин. Қазақстандағы терроризм қауіп-қатері // Абай ақпарат.
- 8 Сатпаев Д.А. Терроризм как явление политической жизни. // Саясат. – 1999. – №3. – С. 10-13.
- 9 Пробст П. Терроризм будущего: Тактика, стратегия и приемы // Высокотехнологичный терроризм: Материалы российско-американского семинара. Москва, 4-6 июня 2001. – М., 2002. – С. 295.
- 10 Хоффман Б. Терроризм – взгляд изнутри. – М., 2003. – С.104.
- 11 Абишева Ж.Р. Дінаралық келісім – түсіністік бастауы. // [www.rusnauka.com/12\\_KPSN\\_2012/Economics/12\\_108497.doc.htm](http://www.rusnauka.com/12_KPSN_2012/Economics/12_108497.doc.htm)

#### References

- 1 Nazarbaev N.A. Sy'ndarly' on zhy'l. – Almaty', 2003. – 120 b.
- 2 Kazaxstan i global'ny'e vy'zovy' sovremennosti: materialy' nauchno-prakticheskoy konferencii (Almaty', 19 maya 2010g.). Otv. red. B.K. Sultanov. – Almaty': KISI, 2010. – 120 s. (5).;
- 3 Biekenov K., Sady'rova M. Әлеуметтанудың тусиндирме сөздиги. – Almaty': Sөzdik-Slovar', 2007. – 344 b.
- 4 Nazarbaev N.A. TariH tolky'ny'nda. – Almaty': Atamyra, 1999. – 273 b.
- 5 Birzhantiev E.K. Қазақстандағы діни қауіпсіздік мәселелері. // Vestnik ENU. Seriya gumanitarny'e nauki. – 2014. – 366-371 bb.
- 6 Mirskij G. Drakon vstaet na dy'by': (O mezhdunarodnom terrorizme). // Mirovaya e'konomika i mezhdunarodny'e otnosheniya. 2002. – № 3. – S. 41.;
- 7 Erlan Қарин. Қазақстандағы терроризм қауіп-қатері // Абай ақпарат;
- 8 Satpaev D.A. Terrorizm kak yavlenie politicheskoy zhizni. // Sayasat – 1999. – №3 – S. 10-13;
- 9 Probst P. Terrorizm budushhego: Taktika, strategiya i priemy' // Vy'sokotexnologichny'j terrorizm: Materialy' rossijsko-amerikanskogo seminar. Moskva, 4-6 iyunya 2001. – М., 2002. – S. 295;
- 10 Xoffman B. Terrorizm – vzglyad iznutri. – М., 2003. – S.104.
- 11 Abisheva Zh.R. Dinaraly'қ kelisim – tysinistik bastauy'. // [www.rusnauka.com/12\\_KPSN\\_2012/Economics/12\\_108497.doc.htm](http://www.rusnauka.com/12_KPSN_2012/Economics/12_108497.doc.htm)

Тлеубергенов А., Мейрбаев Б.Б.

### Құрандағы жаза үкімдері

Бұл мақалада Құрандағы тәрбие құралдарының бірі ретінде қолданылатын ескерту мен жаза үкімдері жайлы сөз қозғалады. Әуелі Құрандағы жаза сөзінің мәні, оның тілдік әрі терминдік мағынасын анықтағаннан кейін, мақаланың негізгі бөлімінде Құрандағы жазалардың көздеген негізгі 5 мақсаты, атап айтқанда адамның дінін, ақылын, жанын, дүние-мүлкін және нәсілін қорғауға бағытталған мақсаттары айқындалады.

Шариғаттың бұл 5 мақсатын «الشريعة مقاصد», яғни шариғаттың мақсаттары деп аталатын ғылым саласы зерттейді. Ислам құқығының ғұламалары шариғаттың барлық үкімдері мен ережелерін осы 5 мақсат төңірегінде топтастырады. Мақалада Алла Тағаланың Құрандағы жазаларды белгілеу барысында адамзаттың тіршілік етуі үшін зәру болатын бес негізді қорғауды мақсат тұтқандығы айқындалады.

Сонымен қатар Құранның жазалары кінәлілерді жазалауды ғана мақсат тұтпайды. Керісінше жаза түрлері Құранда қылмыс пен күнәнің алдын алуды мақсат ете отырып, адамдардың жасаған қылмысынан бас тартып, түзелуіне, тәрбиеленуіне апаратындай етіп қарастырылған. Сонымен қатар берілген кейбір жазалардың көпшіліктің көзінше жүзеге асырылуы арқылы әлі қылмыс жасамаған адамдардың осы жолға түсіп қалмауы көзделеді.

**Түйін сөздер:** Құрандағы жаза үкімдері, шариғаттың 5 мақсаты, шариғатта жазалау түрлері, күнә мен жаза, Ислам дінінде жазалау жүйесі.

Tleubergenov A., Meirbayev B.B.

### Penalties in the Qur'an

This article discusses the essence of punishment and prevention used as a mean of spiritual education of human morality according to the ayats of the Qur'an. Linguistic and terminological meanings of the word "punishment" in the Qur'an are revealed in the introductory part of the article. In the main part of the article it is said about the purpose of punishment in the Quran, namely the main purpose of punishment is to keep the faith, mind, life, property and the humankind.

A branch of science that studies these five purposes is called «الشريعة مقاصد», purposes of Shariah. Scholars of Islamic law divide all the rules and regulations based on these 5 goals.

The purpose of punishment in the Quran is not only to punish the perpetrators, on the contrary to prevent crime and sin, to send the guilty man on the path of correction. Some executions are carried out in the presence of the public, as the edification of the people in order to avoid this into account.

**Key words:** types of punishment according to Sharia, sin and punishment, the punishment system in Islam.

Тлеубергенов А., Мейрбаев Б.Б.

### Меры наказания согласно Корану

В данной статье рассматривается суть наказания и предупреждения, используемых в качестве средств воспитания духовной нравственности человека согласно аятам Корана. Во вступительной части статьи раскрываются лингвистическое и терминологическое значения слова «наказание» в Коране. В основной части статьи говорится о предназначении наказания в Коране, а именно о том, что целью наказания является сохранение веры, разума, жизни, имущества и человеческого рода.

Область науки, которая исследует эти пять целей Шариата, называется «الشريعة مقاصد», т.е. цели Шариата. Ученые исламского права подразделяют все правила и положения на основе этих 5 целей.

Целью наказания в Коране является не только наказание виновных, но и предотвращение преступления и греха, а также направление провинившегося человека на путь исправления. Некоторые казни проводятся в присутствии публики, в качестве назидания для народа во избежании такой учести.

**Ключевые слова:** виды казни по Шариату, грех и наказание, система казни в Исламе.

## **ҚҰРАНДАҒЫ ЖАЗА ҮКІМДЕРІ**

### **Құрандағы жаза үкімдері**

Құран Кәрім – он төрт ғасырдан бері бірде-бір әрібі өзгертілмеген теңдесі жоқ жалғыз кітап. Жер бетінде негізі жоғалмай сақталған мұндай кітап кездестіру мүмкін емес.

Құран Кәрім – мұсылмандардың баға жетпес қазынасы әрі дүние мен ақыретте бақытқа жеткізетін ең үлкен жол басшысы. Пайғамбардың айтуынша Құран; «Аллаға, аспан мен жердегі әрі оның арасындағы барша нәрселерден әлдеқайда артық» [1]. Сондай-ақ «Құранның өзге сөздерден артықшылығы, құдыреті күшті Алланың, жаратқандарының алдындағы мәртебесі сияқты» деген сөзі тағы бар [2].

«Құран, шындық пен өтірікті қара қылды қақ жарғандай етіп, көрсетіп беретін нақты үкім. Ол бос сандырақ емес (Тарық 86/14, аяты осы мағынаға келеді). Алла Тағала Құран Кәрімді адамзат баласына былайша танытады: «Ей, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа, сенушілер үшін тура жол және рахмет (түрінде Құран) келді» (Юнус сүресі, 57-аят). Келесі бір аятта: «Міне осы Кітапта күдік жоқ, тақуалар үшін тура жол көрсетуші», деген (Бақара сүресі, 2-аят).

Құран Кәрімде адамзат баласының баянды ғұмыр кешуіне қажетті негіздердің барлығы қамтылған. Құрандағы құндылықтар өміршендігімен ерекшеленеді. Сондықтан да ондағы тәлім-тағлымдар жеке тұлға мен қоғамның қалыптасуы үшін таптырмас құндылық. Құран адамдардың бір-біріне әлімжеттік жасау, өзгенің мүлкіне қол сұғу, ар-намысын таптау, әділетсіздік сияқты жөнсіздіктерге ешқашан жол бермейді. Мұндай келеңсіздіктер орын алған жағдайда түрлі ескертулер жасалып, тіпті арнайы жазалар бекітілген. Бұл өз кезегінде қоғамда тыныштық пен әділдіктің орнауына септігін тигізері анық. Ендеше біз Құрандағы тәрбие құралдарының бірі ретінде қолданылатын ескерту мен жаза үкімдеріне тоқталамыз.

«Жаза» сөзі, оның мәні мен мақсаты.

Жаза – араб сөзі. Тілдік қолданыста ол «сый» деген ұғымды береді [3]. Терминдік мағынасы «бұйырылған әмірлер мен тыйымдарды тәрк етуші немесе оларға немқұрайлы қараушы кісіге сол күнәсына сай көпшіліктің пайдасы үшін Алладан

белгіленген азаптың түрі» – дегенді білдіреді [4]. Маверди жазаға былай деп анықтама берген: «Алланың әмірлерін орындатуға, тыйымдарынан сақтандыруға бағытталған талаптар» [5].

Күллі жаратылыс белгілі тәртіп пен жүйеге бағына қызмет атқарады. Осы жүйелі тәртіптің арқасында жаратылыс атаулы үйлесімді тіршілік кешіп келеді.

Алла адамзатты да белгілі-бір тәртіп пен жүйеге шақырып, араларына ақиқатты жеткізетін пайғамбарлар жіберіп отырды. Бұл жайлы Құран аятында былай келеді: «Қандай да бір қаланы Біз уағыз-насихат беруші (пайғамбар) жібермейінше ойрандамадық, (жазалауда) әділетсіздік істемедік» (Шұғара сүресі, 208-209-аят).

Пайғамбарлар арқылы адамдарға қоғамдық тәрбиенің жөн-жобасы көрсетілді. Ал Алланың әмірлері мен тыйымдарын ескермегендерге ескерту жасалды, тіпті жазалар тағайындалды.

Бүгінде қай елді, қай қоғамды алып қарасаңыз да, белгілі бір тәртіп пен заңдылықтар негізінде өмір сүріп келеді. Ондағы әрбір заңдылық бір немесе бірнеше мақсатты көздейді.

Алланың Құрандағы көрсетілген тәрбие құралдарына үңілетін болсақ, жазаның берілу себептері мен мәнін былай топшылауымызға болады:

- Көпшілік жұртқа ой салу;
- Адамдардың құқықтарын қорғау;
- Қоғамды бүліктен тазарту;
- Қылмысты қайталанбайтындай ету;
- Адамдарды күнәдан арашалау;
- Жазалау арқылы тәрбиелеу;
- Қылмыстың тамырына балта шабу;
- Арсыздықтың жайылуына жол бермеу;
- Бейбіт ортаны қалыптастыру;
- Әділдік пен тыныштықты орнату.

Негізінде жаза адамдардың кінәсі мен қателігіне орай беріледі. Ал егер Алланың әмірлерін орындайтын болса оған, керісінше, сый тарту етіледі. Бұл жайлы Құранда былай баяндалған: «Егер шүкір етсеңдер және иманға келсеңдер, Алла сендерді неге азаптасын? Алла – алғысқа Бөлеуші, бәрін Білуші» (Ниса сүресі, 147-аят).

Келесі бір аятта былай келеді: «Керісінше, жамандықты кәсіп етіп, күнәға батқандар – тозақтықтар, олар онда мәңгі қалады. Ал иман келтіріп, оң іс істегендер – жұмақтықтар, олар жұмақта мәңгі тұрады» (Бақара сүресі, 81-82-аят).

Құранда белгіленген жазалардың мақсаты мына негіздерді қорғауға бағытталғанын көреміз:

1. Дінді қорғау (сенім-иманды, әділдікті қорғау);

2. Ақылды қорғау (адамның ақыл-парасаты негіздерін қорғау);

3. Жанды қорғау – тіршілік тірегін қорғау;

4. Дүние-мүлікті қорғау – адал еңбек, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеу тәсілі;

5. Адал ұрпақ пен ар-намысты қорғау – жанұя, ел, халық, мемлекет. Отан атты қасиетті қадір тұтып, қастерлеу [6].

Бұл негіздер адамзат өмірі үшін өте маңызды. Құранда осы негіздерді қорғауға байланысты бірқатар әмірлер мен тыйымдар берілген. Айтылған мәселелерді тарқатып өтер болсақ.

1. Дінді қорғау

Дін – Алланың ақиқаттарына негізделген аяттардың жиынтығы. Оның қадір-қасиеттерінен өнеге алып, өмір жолына дұрыс қолдану адамзатты бақытқа кенелтеді. Діннің өлшемін пенде емес, Жаратушы ғана белгілейді. Өйткені діннің иесі – Алла.

«Алланың қасында шынайы дін – Ислам» (Әли-Имран сүресі, 19-аят).

«Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады» (Әли-Имран сүресі, 85-аят).

Ислам дінінің қайнар көзі Құранға негізсіз жала жапқандарға былай ескерту жасаған. Құран аяттарына қарсы шыққандардың жазасыз қалмайтындығы былай баяндалған: «Күмәнсіз, аяттарымызға қарсы шыққандарды отта жандырамыз. Олар азапты татулары үшін, терілері күйіп-піскен сайын, оны басқа теріге алмастырып отырамыз. Анығында, Алла – Үстем, аса Дана» (Ниса сүресі, 56-аят).

Осы аят бүгінгі күнгі дерматолог мамандарын таңқалдырып отыр. Өйткені тері отқа жанғаннан кейін өзінің физиологиялық қасиетінен айырылып ештеңені сезбейтін күйге түседі. Алайда аятта бұл мәселені де шет қалдырмай, «терілері күйіп-піскен сайын, оны басқа теріге алмастырып отырамыз» деп, теріні қайта сезімтал күйге келтіріп, үздіксіз азаптайтынын ескертеді. Бұл жайт Құранда ағаттыққа түйірдей де жол берілмегендігін білдіреді.

Құранның келесі бір аятында Алла түсірген шындыққа немқұрайлы қарап, мойындамағандардың азабы күйзелтуші әрі тоқтаусыз жалғаса беретіндігін мына бір аятпен ескертіп өткен: «Сөзсіз, күнәһарлар тозақтың азабында мәңгі қалады. Олардың азабы жеңілдетілмейді де, олар онда күдер үзген түрде қалады. Оларға зұлымдық қылмадық, олар өздеріне зұлымдық қылды. Тозақтықтар: «Ей, сақшы! Раббың ісімізді бітірсін (яғни, тезірек жанымызды алсын, біздер

бұл азаптан құтылайық) дейді. Сақшы: «Расында, сендер (міне осы азапта мәңгі) тұрасындар», – дейді. (Алла оларға): «Расында, Біз сендерге хақ-шын Құранды келтіргенбіз, бірақ сендердің көпшілігің шындықты жаман көресіндер» (Зұхруф сүресі, 74-78-аят).

Алладан түсірілген ақиқаттан алшақтау адамзатқа екі дүниеде де абырой әпермейді. Ал ақиқатты, әділдікті қолдау адамды қашанда биікке жетелейді.

## 2. Ақылды қорғау

Ақыл адамды басқа жаратылыстардан ерекше етіп тұратын басты ерекшелік. Адам осы қабілеті арқылы Жаратушыны танып, Оның жаратқандарына терең зерттеу жүргізіп, ақиқатты табады. Сондықтан да Құран Кәрімде ақылды қорғауға аса мән берілген. Тіпті ақылға зиян тигізетін нәрселерді қолдануға тыйым салған: «Ей, иман келтіргендер! Анығында, мас ететін ішімдіктер, құмар ойындары, табыну үшін қойылған нәрселер және бал ашатын таяқшалар – жиіркенішті нәрсе әрі шайтанның ісінен. Ендеше оған жоламандар, сонда мұраттарыңа жетесіндер» (Маидә сүресі, 90-аят).

Бұл – Құрандағы ашық ескерту. Аяттағы мас ететін ішімдіктер, құмар ойындары мен балгерлерге тәуелділік адамның ақыл-ойын қолдануға тосқауыл болады. Хадистерде де ашық түрде арам қылынған. Хазіреті Пайғамбар былай бұйырады: «Кез келген мас қылатын нәрсе шарапқа жатады. Ал кез келген шарап арам» (Бұхари, Әдеп, 80; Мұслим, Әшрибе, 73.), «Көбі мас қылатын нәрсенің азы да арам» (Әбу Дауыд, Әшрибе, 5.).

Егер адамды ақылынан айыратын заттарды пайдалануға ерік берілетін болса, ол қоғам азғындыққа ұшырайды. Ал азғындық жайлаған жерде кез келген арсыздықтың орын алары сөзсіз. Бүгінде түрлі жол апаттары, адам өлімі, отбасының ойрандалуы, жетім-жесірлердің күрт өсуі барлығы осы ішімдікке салынудың, ақылын дұрыс қолданбаудың салдары. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына мәліметтерді беріп өтейік.

2015 жылы қаңтар-мамыр аралығында статистика агенттігінің мәліметі бойынша елімізді 11 миллион 793 мың 200 литр арақ, 185 миллион 354 мың 700 литр сыра өндірген. Жылына жан басына шаққанда елімізде 31 литр сыра ішіледі екен. Республикада 300 мыңнан астам адам маскүнемдік есепте тұр. Соңғы 5 жылда 12 мың жерлесіміз арақтың кесірінен өлген [7].

Құқық қорғау органдарының деректері бойынша, елімізде соңғы бес жылда мас күйде жасалған қылмыстар саны екі есеге көбейіп, 13

мыңнан асқан. Мاستықпен 3 мың 200 адам кісі өлтірген. Автокөлікті мас күйінде жүргізген 330 мың жүргізуші ұсталған. Ішімдікке сылқия тойған жүргізушілер 1,8 мың жол-көлік апатына тікелей себепші болған. 494 адам қаза тауып, 2,5 мың адам әртүрлі жарақат алған.

## 3. Жанды қорғау

Алла жаратқан әрбір жанның өмірі өте қымбат. Тіпті, адам өмірінің қымбаттығы сонша – Құран Кәрімде жазықсыз бір адамды өлтіру бүкіл адам баласын өлтірумен парапар: «Кім кісі өлтірмеген немесе бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны тірілтсе (өлімнен құтқарса) барлық адамды тірілкенмен тең» (Маидә сүресі, 32-аят).

Хадисте де адамды құртатын үлкен күнәлардың біріншісі «адам өлтіру» деп саналған. Хазіреті Пайғамбар қоштасу құтпасында былай деген: «... Жандарың, малдарың мен намыстарың қадірлі» (Бұхари, Илим, 37, Қаж, 132.).

– Адамның өз-өзіне қол жұмсауы да үлкен күнә.

– Ана қарнындағы баланың өліміне себеп болатын әрекеттер де арам, жазалануды талап етеді. Көптеген аяттарда «балаларыңды жоқшылықтан қорқып өлтірмеңдер» (Әнғам сүресі, 6/151-аят; Исра сүресі, 17/31-аят) деген. Ананың қарнындағы баланы біле тұра алдыру да осыған жатады. Балалы болғысы келмеген ерлі-зайыптылар, жүкті болып қалмаудың алдын ала шараларын жасаулары керек.

– Соғыс кезінде де соғысқа қатыспаған қарттар, әйелдер мен балалар өлтірілмейді.

– Ешкім, өлім жазасына лайық болса да, оны өз бетінше өлтіре алмайды. Бұл жазаны тек қана мемлекет орындайды. Сондықтан да қанға қан деп дау ашу үлкен күнә әрі арамға жатады.

– Әдейі адам өлтіргеннің жазасы, егер өлген адамның жақындары қалайтын болса кек болады. Қателікпен адам өлтірудің жазасы құн төлеу мен кәффарат. Сондай-ақ Алланың алдындағы жағдайы да, адамның тәубеге келуі әрі Алланың кешіруіне байланысты.

Келесі бір аятта бір-біріне қол көтермеуді бұйырған: «Бір-бірлеріңді өлтірмеңдер. Расында, Алла сендерге ерекше мейірімді» (Ниса сүресі, 29-аят).

Алайда, қоғам арасында кейде абайсызда, кейде қасақана, кейде кекшілдіктен адам өлімі орын алып жатады. Мұндай жағдайда қандай жолды ұстану керектігі де Құранда ашық түрде баяндалған. Мәселен иман келтірген пендені жазатайым өлтіріп алғандардың жазасы жайында

да үкім айтылған: «Кімде-кім бір мүминді жаза-тайым өлтіріп қойса, бір мүмин құлды азат етуі және егер, марқұмның иелері кешіп жібермесе, құн төлеуі – міндетті. Бірақ олар жауласқан елден болса, онда өлтіруші бір мүмин құлды азат етуі керек. Егер (өлтірілген мүмин) сендермен олардың арасында келісім жасалған елден болса, өлгеннің иесіне құн төлеп, әрі бір мүмин құл азат етуі керек. Бұларды таба алмаған кісі, Аллаға тәубе (сінің қабыл болуы) үшін тұтас екі ай ораза ұстауы керек» (Ниса сүресі, 92-аят).

Ал қасақана өлтірудің жазасы мүлде бөлек, әрі өте ауыр: «Кімде-кім бір мүминді әдейі өлтірсе, оның жазасы ішінде мүлде қалатын тозақ болады. Сондай-ақ, оған Алланың ашуы, қарғысы болып және оған зор қинау әзірлеп қойған» (Ниса сүресі, 92-аят).

Құранда жақын туысы өлтірілгендерге үш мүмкіндік берілген:

- Кек алу,
- Құн төлету,
- Кешіру.

Құранда: «Ей, мүминдер! Сендерге есе қайтару парыз етілді: Азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел (өлтіріледі). Дегенмен (өлтірілгеннің) туысқандары жағынан кешірім етілсе, онда игілікке бойұсыну және жақсылықпен құн төлеу қажет. Бұл (үкім) Раббыларың тарапынан жеңілдік және мейірім-шапағат» (Бақара сүресі, 178-аят).

Құранда кек алуға рұқсат етілгенімен, кек алуда шектен шықпауға бұйырады. Алайда Құран мейірімділікке үгіттейтін кітап болғандықтан, кешірім жолын ұстанудың адамдар үшін қайырлы екені білдірілген. Мұндай жандардың қайырын Алла өзі беретіні аятта былай келеді: «Енді кім (өш алуға тиісті бола тұра) кешіріп, (ортаны) түзетсе, онда оның сауабы – Алланың жанында» (Шура сүресі, 40-аят). Ал осы талаптар орындалғаннан кейін де ішінде кек сақтап шектен шықпауды да ескерткен: «Ал кімде-кім бұдан кейін шектен шықса, (кек сақтаса) ол үшін ақыретте күйзелтуші азап бар» (Бақара сүресі, 178-аят).

#### 4. Дүние-мүлікті қорғау

Қаражат – қоғамның материалдық тірегі. Ең бастысы ол – адамның маңдай тері, адал малы. Мұны қорғауға ислам дінін ерекше мән береді. Егер кімде-кім мал-дүниесін қорғау кезінде жан тапсыратын болса шәһит мәртебесіне ие болады. Бұл жайлы хадисте келген: «Кімде-кім мал-дүниесін қорғау кезінде өлетін болса, ол шәһит әрі оған жұмақ беріледі» [8]. Сондықтан да Құранда халықтың жеке мүлкіне қол сұғып, бұрыс жолмен табыс табушыларға ескерту жасалған:

